

ISSN 2520-2634; eISSN 2520-2650

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

«Педагогикалық ғылымдар» сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия «Педагогические науки»

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of Educational Sciences

№1 (66)

Алматы
«Қазақ университеті»
2021



ISSN 2520-2634; eISSN 2520-2650

ХАБАРШЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР» СЕРИЯСЫ
№1 (66) наурыз



04.05.2017 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №16507-Ж.

*Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Мухатаева Д.И., аға оқытушы (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Мыңбаева А.Қ., п.ғ.д., профессор, ғылыми редактор (Қазақстан)

Булатбаева А.А., п.ғ.д., профессор м.а., ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Айтбаева А.Б., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Таубаева Ш.Т., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Алғожаева Н.С., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Аринова Б.А., п.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)

Ахметова Г.К., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Исаева З.А., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Ақшалаова Б.Н., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Махамбетова Ж.Т., оқытушы (Қазақстан)

Трапицын С.Ю., п.ғ.д., профессор (Ресей)

Тайсум Элисон (Taysum Alison), PhD, филос.ғ.д. (Ұлыбритания)

Христозова Г., п.ғ.д., профессор (Болгария)

Римантас Жельвис (Rimantas Zelvys), хабил. д., профессор (Литва)

Хусейн Хусни Бахар (Huseyin Husnu Bahar), PhD, профессор (Түркия)

Пепи Митева (Pepi Miteva), PhD, асс. профессор (Болгария)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Ертарғынқызы Д., аға оқытушы (Қазақстан)

Педагогикалық ғылымдар сериясы – білім беру әдіснамасы мен тарихы, психологиялық-педагогикалық зерттеулер, кәсіби білім беру, салыстырмалы педагогика, білім беру менеджменті, инклюзивті білім беру, жоғары оқу орындарын инновациялық дамыту, тәрбие теориясы мен әдістемесі, пәндерді оқыту әдістемесі бағыттарын қамтиды.



Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шахкозова

Телефон: +7 747 125 6790

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева

Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

ИБ № 14474

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 14,25 б.т. Тапсырыс № 4311.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2021

2016 жылға дейін ISSN 1563-0293

1-бөлім
ТАРИХ.
ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ӘДІСНАМАСЫ

Section 1
HISTORY. METHODOLOGY
OF MODERN EDUCATION

Раздел 1
ИСТОРИЯ.
МЕТОДОЛОГИЯ СОВРЕМЕННОГО
ОБРАЗОВАНИЯ

Ш.Т. Таубаева^{1*} , С.М. Бахисева²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

*e-mail: shtaubayeva@yandex.ru

ӨЗІН-ӨЗІ ОҚЫТУ ҰЙЫМЫ ПЕДАГОГТАРДЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Бүгінгі өзгерістердің жылдамдығы жағдайында білім берудің мазмұны, күтілетін нәтижелері мен оқытудың технологиялары үнемі дамып отыратыны белгілі. Осы үдеріске сай педагогтарды өзгерістерге үнемі дайындаудың маңызы зор. Мақала тақырыбына байланысты педагогтың кәсіби қызмет құрылымындағы өзін-өзі оқыту ұйымы өзгерістерге дайындаудың факторы ретінде қарастырылады. Өзін-өзі оқыту ұйымдары педагогтарды білім беру ұйымдарында жаңартылған бағдарламадағы жаңа көзқарастарды түсіндіру, педагогикалық әрекеттерді жаңарту, бірін бірі үйрету, бірлескен оқу мен зерттеушілік, сыни ойлау, шығармашылық дағдыларын үнемі дамытып отыру мақсатында құрылады және ол басқарудағы белгілі бір ұйымдастырушылық қызметті қажет етеді. Зерттеуде жүйелілік, іс-әрекеттік, зерттеушілік синергетикалық тұрғылар; ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдау әдістері, эксперимент жүргізу және қорытындыларын жинақтау, салыстыру, рефлексия, педагогтың өзгерістерге дайындығын дамыту тәжірибелері мен ұсыныстар пайдаланылды. Зерттеушілер еңбектері негізінде ұйымда қызметкерлердің жүйелі және дәстүрден тыс ойлауға үйрету, бірлесіп оқу, өз дағдыларын үнемі жетілдіру және білім беру ұйымының алдағы даму стратегиясын бірлесіп жасаудың теориялық негізі айқындалды. Педагогтардың өзгерістерге дайындығын қамтамасыз етудің, өзара бірлесе оқытудың әдістемесі жасалуы жұмыстың практикалық маңызын көрсетеді.

Қорытындыда өзін-өзі оқытатын, өздігінен білім алатын ұйымның педагогтарды өзгерістерге дайындаудағы тиімділігі сипатталды.

Түйін сөздер: өзін-өзі оқыту ұйымы, өзгерістер, жаңартылған білім мазмұны, педагогтар қауымдастығы.

Sh.T. Taubayeva^{1*}, S. Bakhisheva²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Kazakhstan, Uralsk

*e-mail: shtaubayeva@yandex.ru

Learning Organization as a Factor in Preparing Teachers for Change

In today's rapidly changing world, the content of education, expected results and learning technologies are being constantly improved. In accordance with this process, there is a need of teachers for change. The Article examines the essence of a learning organization as a factor for preparation of teachers of changes. The update content and the new results requires teachers to be ready to implement new approaches in pedagogical activity. Teachers need to constantly learn, improve teamwork, learn from each other, develop critical thinking skills, over-subject skills. The creation of a self-learning organization in the structure of the teachers of the place of work require certain organizational measures in management activities. The methodological foundations of research are systemic, activity and research approaches, methods of analysis of scientific and theoretical literature, methods of experiments, generalization and comparison of experimental results were used, experience was used, so the recommendations for the development of teachers' readiness for changing. The theoretical foundations, approaches and principles of a self-learning organization have been determined, a model for preparing the teachers for changes, content, structure and teaching methods have been developed, criteria and indicators of teachers' readiness to change have been determined. Of practical importance is the development of a methodology for preparing teachers for changes through self-learning organizations.

In conclusion, the effectiveness of self-learning organizations in preparing the teachers for changes is noted.

Key words: learning organization, changes, updated educational content, teacher communities.

Ш.Т. Таубаева^{1*}, С.М. Бахишева²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Казахстан, г. Уральск

*e-mail: shtaubayeva@yandex.ru

Самообучающаяся организация как фактор подготовки педагогов к изменениям

В современном быстро меняющемся мире содержание образования, ожидаемые результаты и технологии обучения постоянно совершенствуются. В соответствии с этим процессом возникает необходимость в подготовке педагогов к изменениям. В статье рассматривается суть самообучающейся организации как фактора подготовки педагогов к изменениям. Обновленное содержание и новые результаты образования требуют от педагога готовности к реализации новых подходов в педагогической деятельности. Учителям нужно постоянно учиться, улучшать командную работу, учиться друг у друга, развивать навыки критического мышления, надпредметные навыки. Создание самообучающейся организации в структуре профессиональной деятельности педагогов требует определенных организационных мер в управленческой деятельности. Методологическими основами исследования являются системный, деятельностный, исследовательский и синергетический подходы, также использованы методы анализа научной и теоретической литературы, методы эксперимента, обобщения и сравнения результатов эксперимента, использован опыт, рекомендации по развитию готовности педагогов к изменениям. Определены теоретические основы, подходы и принципы самообучающейся организации, разработана модель подготовки педагогов к изменениям, содержание, структура и методика обучения, определены критерий и показатели готовности педагогов к изменениям. Практической значимостью является разработка методики подготовки педагогов к изменениям через самообучающиеся организации.

В заключении охарактеризована эффективность самообучающейся организации в подготовке учителей к изменениям.

Ключевые слова: самообучающаяся организация, изменения, обновленное содержание образования, сообщества педагогов.

Кіріспе

Қазіргі қоғамның даму барысына сай білім мазмұны мен бағдарламаларының толықтай жаңартылуы барлық деңгейлердегі педагогтардың өзгерістерге дайындығын ұйымдастырудың өзектілігін көрсетеді. Білім беру ұйымдарындағы жаңа үдерістер жаңартылған білім мазмұнын, бағдарламалар мен жаңа пәндерді, бағалауды, қашықтан оқытудың ақпараттық-коммуникативтік технологиялары мен зерттеушілік жобаларды, педагогтардың кәсіби білімдерін жетілдіру жұмыстарын қамтиды.

Жаңартылған білім мазмұны мен жаңа білім нәтижелері, бағалаудың критериалдық форматы педагогтардың өзгерістердің мәнін түсінуге, оларды тәжірибеге енгізуге икемді болуға, өз ойлау өрісін кеңейтуге, қалыптасқан көзқарастары мен үйреншікті әрекеттерін қайта қарауға дайындау керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл білім беру ұйымын басқару мен ұйымдастыру стиліне де өзгеріс ендіріп, қызметкерлерді әдістемелік-ресурстық қолдауға, ұжымды дамытудың жаңа түрлерін ендіруге бағыттауға негіз болады. Қызметкерлерді қолдаудың жаңа түрлерін енгізу, адам ресурстарын дамыту

өндіріс саласындағы менеджментте қолданылып жүрген қызмет түрлерінің бірі. Білім беру ұйымында осы үрдісті негізге алып, педагогтардың өзара бірлесе білім алатын кәсіби қоғамдастық құру оқытудағы жаңа өзгерістерді бірлесе қабылдауға мүмкіндік береді. Педагогтар жаңартылған білім мазмұнын іс-әрекеттік, зерттеушілік тұрғысынан меңгертуде, оқушылар жетістіктерін талдауда, сабақтағы әрекеттерін жаңартуда бірін-бірі қолдауды, өзара пікір алысуды қажет етеді. Бұл үрдіс біліктілігін арттыру курстары мен семинарлардың маңызын жоққа шығармайды, қайта оны үнемі толықтырып отырады.

Педагогтардың өз ұйымында бірлесе білім алуы оқыту сапасына, жалпы білім беру ұйымын дамытуға ықпал ететіні әлемдік тәжірибеде орын алып отыр. Ол туралы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының білім саласындағы талдаулық зерттеулерінде алдыңғы қатарлы ұйымдардың тәжірибесіне сай білім саласы «білім индустриясына» айнала алады, ол үшін «білім беру жүйесінің өзі де білім алуы керек», «білім нәтижелерін жақсарту жағынан тиімді және ілкімді болуға үйренуі қажеттігі» атап айтылған (Шляйхер, 2009: 28) [1].

Қоғам дамуының жылдам өзгерістеріне ілесетін, болашақта дамып, өркендейтін ұйым өзін-өзі оқыту ұйымына айналуының жолдары біздің тәжірибемізде де зерттелуі тиіс бағыттардың бірі болып табылады. Өзін-өзі оқыту идеясы ұйым мүшелерін кәсіби қызметі орнында оқытуға бағытталған, барлық қызметкерлер үшін үздіксіз оқыту мүмкіндіктерін жасайтын, командалық оқытуды қолдайтын болғандықтан, оны жүзеге асыруға жағдай жасалуы керек. Бұл ретте педагогтардың зерттеу мәдениеті мен жаңашылдықтарын дамыту, тәжірибемен бөлісу арқылы оқытудағы өзгерістерге дайын болу, кәсіби қауымдастық моделін құрастыру – оларды қолдаудың тың үлгісі бола алады.

Отандық ғылымда білім беру ұйымы жағдайында педагогтардың өзгеріске дайындығын өзін-өзі оқыту ұйымдары арқылы жүзеге асыру туралы зерттеулердің жеткіліксіздігіне байланысты оның ғылыми-теориялық негіздемесін жасап, тиімділігін тәжірибеде зерделеу қажеттігі біздің зерттеуіміздің мақсатын анықтады.

Зерттеу мақсаты

Өзін-өзі оқыту ұйымдарында педагогтарды өзгерістерге дайындаудың теориясын нақтылау, құрылымы мен мазмұнын, әдістемесін жасап, олардың тиімділігін тәжірибеде тексеру. Осыған сай зерттеу болжамы белгіленді.

Зерттеу болжамы

Егер, білім беру ұйымдарында педагогтардың өзін-өзі оқытуы ғылыми негізделіп, тиімді жүзеге асырылса, онда педагогтардың өзгерістерге дайындығы жоғары деңгейде қамтамасыз етіледі, өйткені, бұл жағдайда оқыту әрекеттері педагогтардың бірлескен оқу тәжірибесі негізінде ұйымдастырылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қалыптасқан тәжірибеде кез келген педагогтың мамандық алу, кәсіби білімін жетілдіру, әдістемелік жүйелер арқылы педагогикалық әрекеттердің негізін меңгеріп, оны үнемі жетілдіруіне жеке өзінің де, басшылардың тарапынан да, кәсіби біліктілікті арттыру курстарында да көңіл бөлінеді. Бұл – кәсібиліктің міндетті түпнұсқалық деңгейі, оған педагогтардың теориялық білімі, білім бағдарламалары мен әдістемелері бойынша білігі мен дағдылары, кәсіби стандарттарды меңгеру деңгейі жата-

ды. Зерттеу барысында педагогтардың Кәсіби стандарттарының мазмұны, әдістемелік қызмет түрлері мен оқыту форматтары, білім жетілдіру курстарының мазмұны зерделенді. Практикалық жағдаяттар мен сұхбат барысында түрлі ұйымдардың әдістемелік әлеуеті, педагогтарды оқыту түрлері мен әдістері, ұзақтығы, мөлшері талданды. Нәтижесінде қазіргі жағдайда педагогтардың міндетті түпнұсқалық дағдыларды толық меңгеру деңгейі білім берудің күтілетін нәтижелерін қалыптастыру үшін жеткіліксіз екені көрінеді. Сонымен қатар, осы бағыттағы отандық әдебиеттерді шолу олардың негізінен педагогтардың бойында белгілі бір құзіреттіліктерін дамытуға, немесе белгілі бір әдістеме мен технология негізінде оқыту әрекеттерін дамытуға арналғанын, өзін-өзі оқыту ұйымдары тұрғысынан қарастырылмағанын көрсетеді. Өзін-өзі оқыту ұйымдары арқылы қызметкерлерді өзгерістерге даярлау негізінен шетел зерттеулерінде ірі өнеркәсіптерде қызметкерлерді оқытуға қатысты ғана қарастырылғаны анықталды.

Зерттеулерге шолумен қатар, эксперименттік білім беру ұйымдарының әдістемелік жұмысы зерделенді, педагогтармен сауалнама, әңгімелесу жүргізілді. Қамтылған мұғалімдердің орта есеппен 72-75%-ының кәсіби әрекеттер барысында өзара үйренуге қажеттілік бар екені анықталды. Сондай-ақ, сұралған мұғалімдердің 82%-ы үнемі, бірлескен әрекеттер барысында бір-бірінен үйренуіне, педагогикалық қауымдастық қажеттігіне көңіл аударды, проблемалар бойынша пікір алысуға басшылар тарапынан жағдайлар жасалуына, әрекеттерін зерттеуге үйренуге сұраныс барын 61%-ы көрсетті. Білім беру ұйымдары басшыларының жауаптарын талдау нәтижелері мұғалімдердің өзгерістеріне жағдай жасау олардың басты назарында емес екенін көрсетті.

Зерттеуде жүйелілік, іс-әрекеттік, зерттеушілік, синергетикалық тұрғылар, ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдау әдістері, эксперимент жүргізу және қорытындыларын жинақтау, салыстыру, рефлексия, педагогтың өзгерістерге дайындығын дамыту тәжірибелері мен ұсыныстар пайдаланылды. Зерттеушілер еңбектері негізінде ұйымда қызметкерлерді жүйелі және дәстүрден тыс ойлауға үйрету, бірлесіп оқу, өз дағдыларын үнемі жетілдіру, оқытуды зерттеу әрекеттерін бірлесіп жасаудың теориялық негізі айқындалды. Педагогтардың өзгерістерге дайындығын қамтамасыз етудің, өзара бірлесе оқытудың әдістемесі жасалуы жұмыстың практикалық маңызын көрсетеді.

Тақырыптың зерттелуіне талдау жасау үшін ғылыми, әдіснамалық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге теориялық зерттеу әдістері – салыстырмалы талдау, модельдеу, үлгі нысананы талдау жүргізілді. Практикадағы жағдайды анықтау үшін тікелей, жанама бақылаулар, сауалнама, рефлексиялық диагностика, мониторинг, мазмұндық (контент) талдаулар жасалды. Зерттеу қорытындыларын жинақтауда модельдеу, тәжірибелік жұмыстар, статистикалық әдістер қолданылды.

Ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерге шолу бүгінгі күні аталған мәселенің әлемдік және отандық педагогика саласындағы теориялар мен тәжірибеде өзектілігін көрсетеді. Зерттеу барысында менеджмент теориясы мен тәжірибесіндегі адам ресурстарын дамыту (Г. Минцберг, Ф. Лютенс, В.С. Лазарев, К.М. Ушаков т.б.) [2-5], өзін-өзі оқыту ұйымдарының қызметкерлерді өзгерістерге даярлаудағы ролі (П. Сенге, Р. Дафт, К. Арджирис, М. Педлер, т.б.) [6-10]; педагогтардың кәсіби қауымдастығын құру арқылы оқыту жетістіктерін дамыту (М. Фуллан, М. Барбер, А. Литтл, Э. Вульф, И. Фрумин, т.б.) [11-14] туралы зерттеулерге шолу жасалды. Қазақстандық зерттеушілерден педагогты кәсіби дамытудың әдіснамасы (Ш. Таубаева, С. Лактионова, К. Құдайбергенова) [15], оқыту үдерісінде тұлғаны дамытудың гуманистік-интеграциялық тұрғылары мен мазмұны (Н. Хмель, Ә. Мұханбетжанова, М. Жадрина, т.б.) [16-18] туралы еңбектер қарастырылды.

Теориялық негіздеме

Өзін-өзі оқыту ұйымдарының пайда болуына шолу олардың әуелі білім саласында емес, әлемнің ірі кәсіпорындарында 1980 жылдары пайда болғанын анықтады. Оған жаһандық үдерістер ықпал етіп, өндіріс компанияларының технологиялық өзгерістеріне қызметкерлердің белсенді қатысуы, олардың іскерлік сапалары, біліктілігі мен кәсібилігін арттыру үшін пайдаланылған. 1990 жылдардан бастап аталған идея батыс елдерінде әлеуметтік салаларда, соның ішінде білім саласында тарала бастады.

Қазіргі уақытта өзін-өзі оқыту ұйымының мәнін түсіндіретін бірнеше салыстырмалы ұғымдар бар. Өздігінен білім алуды ұйымдастырудың толық тұжырымдалған Питер Сенгенің (*Peter Senge*) «The Fifth Discipline. The Art and Practice of the Learning Organization» – «Пятая дисциплина. Искусство и практика самообучающейся организации» ағылшын тілінде

1990 жылы, орыс тілінде 2009 жылы жарық көрген еңбегінде жан-жақты қарастырған (Сенге, 2009:29).

Ағылшын тілінде «*Learning Organization*» өздігінен білім беретін ұйымды сипаттайтын «оқыту ұйымы» мағынасын білдіреді. Бұл біздің түсінігіміздегі педагогтарды оқыту, білімдерін жетілдіру және семинарлар өткізу деген түсініктерге ұқсас болғанымен, мазмұны да, құрылымы да өзгешерек. Қазақ тілінде ресми бекітілген баламасы болмағандықтан «*Learning Organization*» деген ұғымның түрліше аударылып, кейде мәнін дәл, нақты бермейтін нұсқалары болуы мүмкіндігін де ескереміз. Сондықтан біз мағынасын дәлірек беретін орыс тіліндегі «самообучающаяся организация» аударылымын негізге ала отырып, «өзін-өзі оқыту ұйымы» деп қолданатын боламыз.

П. Сенге жоғарыда аталған жұмыстың жалғасы ретінде жазылған «*The Dance of Change. The Challenges of Sustaining Momentum in Learning Organization*» еңбегі 1999 жылы ағылшын тілінде, аудармасы орыс тілінде 2004 жылы «Танец перемен. Новые проблемы самообучающейся организации» атымен басылып шықты. Бұл еңбекте автор өзін-өзі оқытуды ұйымдастыруға кеңірек тоқталып, «компаниялар қазіргі кезде жылдам өзгерістерге ұшырайды және олардың басшылары мен қызметкерлері күтпеген жағдайларға дайын болуы» үшін компаниялар басшылары да үздіксіз оқудан өтуі керек, бұл тиімділіктің қажетті шарты екені нақтыланған (Сенге, 2004:56).

Р. Дафтың айтуынша өзін-өзі оқыту ұйымы менеджмент, ұйымышілік коммуникация және ұйымдастырушылық қызметтерге қатысты және оны дамыту қазіргі менеджменттің басты бағыттарының бірі болады (Дафт, 2008:22). Бұған ірі өндіріс басшыларымен қатар академиялық қоғамдастық та үлкен қызығушылық білдіруде, оның себептері түсінікті. Біріншіден, жаһандану үдерісіне сай экономиканың дамуы, сұраныстың сан алуандығы бәсекелестікке әкеліп, ұйымның өзгерістерін, жаңа сапалы қызметін жедел ұйымдастыру қажеттігі пайда болды. Екіншіден, ұйымдардың адами ресурстың сапасына, интеллектуалдық еңбекке басымдық беру үрдісі қалыптасты. Бұлар өз кезегінде қызметкерлерді үздіксіз оқыту үдерісін ұйымдастыруға алып келуде.

Бірқатар дереккөздер «өздігінен білім алуды ұйымдастыру» терминін енгізген Крис Арджирис дейді. Оның «Үйренуші, өзін-өзі оқытушы ұйымындағы қызметкерлер баста-

машыл, тез өзгеретін ортада жұмыс істеуге дайын және жауапкершілігі жоғары болады. Оқыту ұйымының негізі – ойлау тәсілін өзгерту, мәселелердің өзегін тауып, терең талдау арқылы кемшіліктерді түзетуге үйрету қажет» дегені бүгін де өте маңызды (Арджирис, 2004:27).

П. Сенгенің айтуынша, өзін-өзі оқыту ұйымы қоршаған ортаның жүйелі, өзін-өзі дамытушылық қасиеті бар екенін дәлелдей алады дейді. Ол арқылы біз адамдардың шын мәнінде өзгерістерге бейімділік қабілетін үнемі кеңейтетін, жаңа, белсенді ойлау тәсілдерін өсіретін және ұжымдық ұмтылыстарға еркіндік беретін, үнемі бірге үйренуге үйрететін «өзін өзі оқыту ұйымын» құруға мүмкіндік аламыз. «Өзін-өзі оқыту» ұйымының іргетасы, түпқазығы – жеке адамдардың өзіндік көзқарасын дамыту, білімін тереңдету, күш-жігерін жұмылдыру, айналаға объективті қарау қабілетін кеңейту. Ұйымның білім алуға деген ұмтылысы және оның алға жылжу қабілеті оның мүшелерінен артық бола алмайды. Ол өзін-өзі оқытатын ұйым құруға қажетті бес пәнді (дағдыларды) анықтайды. *Жеке тұлғаны жетілдірудегі шеберлік.* Бұл адамдарға үнемі оқып үйрену арқылы нәтижеге қол жеткізетін, біртіндеп жетілдіре беретін ерекше дағды. «Жеке шеберлік – біздің жеке көзқарасымызды үнемі нақтылау және тереңдету, күш-жігерімізді жұмылдыру, шыдамдылықты дамыту және шындықты объективті көру» пәні. Ол ұйымның оқуын оның жеке мүшелерінің әрқайсысын дамыту мүмкін деп санайды. Демек, әр адамның жеке шеберлігі мен үздіксіз білім алуға ұмтылуы болашақта бәсекелестік үшін маңызды. *Интеллектуальдық модельдер* – әлемді түсінуге және әрекет ету тәсіліне әсер ететін ойдағы бейнелер немесе суреттер. Өз қабілеттерін танып, іске асыру үшін олармен бөлісуді үйрену керек. Бұған «сыни талдау мен қорғанысты біріктіретін, қатысушыларға өз ойларымен танысуға және оны ашуға мүмкіндік беретін нұсқаулықтар» жасау мүмкіндігі кіреді. *Ортақ көзқарас* – ұжымның жетекшілері мен қызметкерлерінің бірлесе отырып ұйымның болашақ дамуының жалпы көрінісін құруға және қабылдауға негізделген. Бұл тұжырымдама барлығына ортақ мақсаттарды айқындап, мақсатқа деген шынайы қызығушылықты арттырады. *Топпен оқыту* – топта жұмыс істеу, білім мен тәжірибе алмасу мүмкіндігі. Ол қызметкерлер арасындағы диалог, кейде күтпеген, дұрыс шешімдерге әкеледі. «Заманауи ұйымдардағы жеке тұлғалар емес, командалар бірлігі мен өзара диалогы ұйымның

өсуіне және дамуына мүмкіндік береді. *Жүйелік ойлау* – барлық дағдыларды біртұтастыққа біріктіретін негізгі компонент, онсыз барлық дағдылар шашыраңқы әдістер болып қала береді. Қандай жұмыс болса да оның негізгі құрылымы мен өзара байланысты компоненттері бар. Жүйелік ойлау дағдысы П. Сенге атаған бес пәннің бөлек емес, тұтастықпен дамуы үшін өте маңызды (Сенге, 2009: 30-32).

Майк Педлер адамның іс-әрекеттері арқылы саналы оқытудың қалыпты оқытудан айырмашылығын, әрекет негізінде оқытуда адам тек жаңа нәрсені ғана үйреніп қоймай, ол оқыту туралы да, өздері туралы жаңалықтар аша алатынын айта келе, оқыту ұйымына тән 11 ерекшелікті ұсынады. Оның төмендегі мазмұны оған дейінгі теорияларды толықтырып тұрғанын көрсетеді:

1. Оқыту, стратегияға икемді көзқарас;
2. Қызметкерлер ұйымның стратегиясы мен тактикасын жасауға белсенді қатысады;
3. Ақпарат дұрыс шешім қабылдауда не болып жатқанын түсіну үшін пайдаланылады, ол марапаттау немесе жазалауға негіз болып табылмайды;
4. Ұйымның дамуына ықпал ететін есеп және бақылау;
5. Бөлімдер арасындағы ішкі қызметтер алмасу;
6. Ынталандырудың икемді жүйесі;
7. Оқытуға қатысты қосымша құрылымдар, бөлімшелер уақытша құрылым ретінде қарастырылады, оларды өзгертуге болады;
8. Барлық қызметкерлердің қоршаған орта жағдайын зерттеуі;
9. Әріптестермен, клиенттермен үнемі тәжірибе алмасу;
10. Оқуға қолайлы ұйымдағы атмосфера;
11. Қызметкерлер үшін өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері (Педлер, 2000:56).

Жоғарыда талданған зерттеулерде өзін-өзі оқыту ұйымын жүзеге асыру басқару қызметіне қатысты екеніне назар аударылып, ол қызметкерлердің әлеуетін арттыру және ұйымдастырушылық мәдениетті қалыптастыру құралы ретінде қарастырылған.

Бұл идеялар өткен ғасырдың аяғындағы менеджмент теориясын зерттеушілердің басқару қызметі әкімшілік ету, ішкі үдерістерді ұйымдастыру, жағдайды талдау, шешім қабылдау сияқты негізгі қызметтермен шектелмеуі тиіс деген тұжырымдарына сәйкес келеді. Осы кездері менеджментте ұйымдастырушылық дамыту туралы зерттеулер пайда болып, оның негізіне ұйымдағы адам әлеуетін тиімді пайдалануға

жағдай туғызу, тұлғалық және тұлғаралық қатынастарды дамыту, қызметкерлердің кәсіби құндылықтық бағдарларына ықпал ету, ұйымның нәтижелі қызметін қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық мәдениетін өзгерту сияқты адамға қатысты факторлар алына бастады.

Г. Минцберг, Б. Альстрэнд, Дж. Лэмпэлдің менеджмент теориясы мен тәжірибесі туралы зерттеулерінде қазіргі заманғы ұйымдарды тиімді басқаруға қажетті сапалар мен дағдылар терең талданған. Олар қоғамда болып жатқан күрделі өзгерістерге сай қызметкерлерге, соның ішінде басшыларға аса қажетті сапалар мен дағдыларға назар аударады (Минцберг, 2001:31). Мысалы, Ф. Лютенс және оның әріптестері «менеджерлер немен айналысады, табысты менеджерлер немен айналысады, нәтижелі менеджерлер немен айналысады» деген сұрақтарға жауап беру үшін жан-жақты зерттеулер жүргізген. Зерттеу барысында менеджерлер әрекетінің негізгі түрлері: коммуникативтік қарым-қатынас (ақпарат алмасу, есеп беру, кеңселік қызметтер); дәстүрлі менеджмент (жоспарлау, шешім қабылдау, ұйымдастыру, бақылау); адам ресурстарын басқару (мотивация, қызметкерлерді қолдау, дамыту); байланыстар орнату (әлеуметтік-саяси байланыстар) айқындалған. Нәтижесінде аталған қызметтердің төмендегідей анықталған: менеджерлер қызметінің үштен бір бөлігі – күнделікті қарым-қатынасқа, дәл осындай бөлігі – дәстүрлі менеджментке, енді бестен бір бөлігі – адам ресурстарын басқаруға, келесі бестен бір бөлігі – байланыстар орнатуға жібереді. Осылайша, нәтижелі менеджерлер үшін ең маңызды болуы тиіс қарым-қатынас және адам ресурстарын басқару жұмыстарына басымдылық берілмейтіні анықталған (Luthans., 1988:27).

Веттен және Камерон зерттеулерінде менеджерлер үшін қызметкерлерді дамытудың жолдары былайша көрсетілген:

1) ұжым мүшелерін өзара қарым-қатынастарға тарту, мысалы, бірін-бірі қолдауды қажет ететін әрекеттерін ұйымдастыру, командалар құру;

2) бәсекелестік қызметтеріне тарту, ықпал ету, өкілеттіктер беру, табандылық көрсету;

3) жаңашылдық пен шығармашылыққа тарту, мәселені шешу мүмкіндіктері;

4) тиімді әрекеттер мен тәртіп сақтауға ықпал ету, тиімді шешімдер қабылдау (Whetten, 1991:17) [19].

Білім беру ұйымында өзін-өзі оқыту идеясы. ХХІ ғасыр басында «McKinsey&Company» зерттеушісі М. Барбердің «сабақ беретін

оқытушылар кәсіби әрекетінің көп бөлігін өздері білім алуға арнаулары дұрыс, бірақ олардың сабақтан тыс уақыты өте шектеулі. Сондықтан, оқыту кестесіне көбірек өзіндік жұмыстар енгізу арқылы кәсіби өсуіне жағдай жасау білім беру ұйымы басшысының міндеті, сонда оқытушының өзі оқуға уақыты табылады» дейді. Ол бірнеше елде жасаған зерттеулеріне сүйене отырып «әлемдегі нәтижесі жоғары білім беру ұйымдарын басқарудағы бәріне ортақ қасиет – ұйым жұмысындағы сапалы өзгерістерге қол жеткізудің бірден бір факторы педагогтарды дамытуға қажетті жағдайлардың жасалуы. Өйткені, білім сапасы ұйымда жұмыс істейтін оқытушылар сапасынан жоғары болуы мүмкін емес» дейді (Барбер, 2007: 259, 260).

Білім беру ұйымдарын басқаруда сапалы өзгерістерге қол жеткізу үшін педагогтардың үнемі кәсіби дамып отыруына жағдайлар жасалуы тиіс деп есептеушілердің бірі Торонто (Канада) университетінің профессоры Майкл Фуллан. Ол «оқытуды жетілдіру – жеке мұғалімнің емес, мұғалімдер тобының ісі, әріптестерімен бірге талдау, бағалау, тәжірибе жасау әрекеттері мұғалімдерді кәсіби жетілдіруде үлкен роль атқарады. Бұл жағдайда мұғалімдер бір-біріне сеніммен қарауға, бірге ақылдасуға, өзара қолдау көрсетуге дағдыланады. Оқушыларды бағалауда, сабақтарын талдауда ортақ мақсат, ортақ жауапкершілік алу нәтижесінде оқытушылардың кәсіби қауымдастығы нығайып, ол өз кезегінде оқушылардың шынайы жетістіктеріне әкеледі» дейді. Ондай ұйымдарда педагогтар қауымдастығы өз оқушыларының оқу нәтижелерін бірлесе талдау арқылы оқытудағы мәселелерді анықтап, жаңа педагогикалық әрекеттерге қадам жасайды. Бұл жұмыстар білім алушылардың жетістіктерге жетуіне оқытушылардың жауапкершілігі мен сенімін көрсетеді. 1-суретте зерттеушілердің бейімдеп ұсынған кәсіби өсу қауымдастығының сипаттамасы берілген (Фуллан, 2006: 122, 123).

Басқару теориясын зерттеуші ресейлік ғалым К.М. Ушаковтың айтуынша «басқарудың нәтижелілігі, оны тиімді ұйымдастыру түрлері туралы көптеген оқулықтар мен құралдар жарық көруде, бірақ оларда ұйымдардың әлеуметтік сипатына сай басқарудағы адам факторларын ескеру туралы нұсқаулар жоқ деуге болады. Қызметкерлердің дамуын басқару жалпы ұйымның нәтижелілігін арттыруға үлкен үлес қоса алады, оны ұйымның болашағына қызмет ететін, өзгерістерге жауап бере алатын қызметкерлер дайындау деуге болады» (Ушаков, 2011:52, 53).



1-сурет – Кәсіби өсу қауымдастығының сипаттамасы

В.С. Лазаревтың пікірі де осыған ұқсас: «ұйымдастырушылық дамуды жүзеге асыру басшылар тарапынан арнайы бағдарлама жасалуын қажет етеді. «Ұйымдастырушылық дамыту» бағдарламасы, ең алдымен, ұйым мүшелері мен топтардың қарым-қатынасын, тәртіптерін, жұмыс нәтижелерін өзгертуге бағытталады, яғни, «ұйымдастырушылық дамыту» – өзін-өзі дамытатын ұйым қалыптастыру» (Лазарев, 2002:18,19).

И.Д. Фрумин педагогтарды «кәсібилік ережелерді бұлжытпай орындауды ғана көздейтін арнайы мамандандырылған технологиялықтар шеңберінде түсінуден – кең ауқымды жалпы құзыреттілікке ие «рефлексия жасаушы практик» ретінде бағыттауға болады» дейді (Фрумин, 1999:67). Осындай жағдайда білім беру ұйымдары «рефлексия жасаушы кәсіби мамандар қоғамы» ретінде қарастырыла алады. Бұл түсінік қазіргі менеджерлер арасында кең тараған сапаны басқару теориясының «қызметкерлерді дамытуға» бағытталуына негіз болады және оның нұсқауларын білім беру ұйымына қатысты қолдануға да болады». Білім беру ұйымында оқытатын ұйымдар қажеттігі тууына не себептер бар деген сұраққа Р. Элмордың «жетілдіру – бұл оқытудың өзіңіздің қызмет орныңызда отырып дұрыс жұмыс жасауға үйрену, адамдар тиісті міндеттерді орындау үшін бірге жұмыс жасауы керек, өйткені олар «ішкі үдерістерді қозғалысқа келтіреді, сол арқылы адамдар өз әрекеттерін одан да жетілдірудегі жаңалықтарды, жоғары деңгейдегі жетістіктерге жетуді үйренеді» дегенін келтіреді (Фрумин, 1999:79).

Қазақстандық ғалымдар Ш. Таубаева, Ә. Мұханбетжанова, К. Құдайбергенова, Н. Хмель, М. Жадриналардың еңбектерінде педагогтардың кәсіби сапалары мен әдістемелік деңгейлерін дамыту үшін оқыту кәсіби іс-әрекеттерінің барысында, практикада жүзеге асырылады, тәжірибе арқылы өз әрекеттерін зерттеу, реф-

лексия жасауға даярлығы қалыптасады деген тұжырымдар жасалған. Жеке тұлға белгілі бір әлеуметтік топтарда өзара әрекеттесуі нәтижесінде өзін мүмкіндіктерін жүзеге асыра алады, онда адамның қоғам жинақтаған білімі мен тәжірибесі арқылы құндылықтары қалыптасады. Өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттігін сезіну үшін жеке адамның даралануы және әлеуметтенуі, өзін іске асыруға жігері пайда болуы тиіс. Бейресми қарым-қатынас жиі болатын шығармашылық және инновациялық топта мұғалім өзінің қабілеттерін көрсете алады (Таубаева, Құдайбергенова, 2017:50). Ә.Мұханбетжанова педагогтарды білім беру субъектілерінің бірі ретінде қарастыра отырып, «тұлғаның өзін де өздігінен ұйымдасқан, өздігінен білім ала алатын, өздігінен дами алатын жүйе ретінде қарастыруды» ұсынады (Мұхамбетжанова, 2015:46).

Педагогтарды дамытуда дербестік пен кері байланысқа ерекше назар аудару қажет, егер дербестік ұжым мүшелеріне мәселелерді шешуге және өз бетімен шешім қабылдауға өкілеттік беру болса, кері байланыс барлық әрекеттердің міндетті бөлігі болуы тиіс. Оқытуда субъектілерінің бірін-бірі дамытуы жүзеге асырылады, өйткені, педагогикалық үдеріс әрекеттен тыс бола алмайды, тұлға бойына өзгерістер ендіру белгілі бір мотивтер негізінде әрекеттерге тарту арқылы жүзеге асырылады (Хмель, 1998:83).

Танымдық теорияны зерттеушілер педагогтар бойында конструктивтік-құрастыру дағдыларын қалыптастыруды өзін-өзі оқытудың негізі ретінде қарастырады. «Оқыту үдерісі – ақпаратты жаттап алу емес, оны өзінше түсіндіру негізінде білім алушының жаңа білім құрастырушыға айналуы. Әрекет арқылы оқыту кезінде жаңа ақпарат адамның бұрынғы білімінің құрылымына енеді, сөйтіп, өзі құрастырған білім одан кейінгі жаңа ақпараттар алуға негіз бола-

ды». Өзінің кәсіби әрекеттерінде өзін-өзі оқыту дағдыларын меңгерген педагогтар тәжірибеде білім алушылардың да өз бетімен оқуын ұйымдастыра алады (Литтл, Вульф, 2007:306).

Біздің зерттеуімізде өзін-өзі оқыту ұйымдары негізінде педагогтарды өзгеріске даярлау жоғарыда айтылған міндетті деңгейден жоғары дағдылар – *метатанымдық дағдыларын қалыптастыруды көздейді*. Метатаным – (metacognition) танымның жоғары деңгейі, ол өзіндік сананың өз әрекеттерін талдау, өзіндік ұйымдастыру, өзіндік білім алуы қызметтерін қарастырады (Литтл, Вульф, 2007:307). Метатанымдық ойлау метадағдыларды қалыптастыруға негіз болады. Метадағдылар «пәндік білімнен жоғары құзіреттіліктер» ұғымы ретінде ХХІ ғасырдың жаңа қажеттіліктеріне сәйкес пайда болды. Заманауи теориялардағы пәннен, білімділіктен жоғары тұрған дағдыларды «құзыреттілік», «функционалдық сауаттылық», «soft skills» («мягкие навыки») деген ұғымдардың мәні бірдей дерлік. Аталған «soft skills» тура баламасымен «икемді, жұмсақ дағдылар» деп аударылмай, мағынасына сай «өмірлік дағдылар» деген дұрыс болады. Метадағдылар – әмбебап, олар белгілі бір сала ғана емес, барлық салаларда табысты еңбек етуге қажетті: өзгерістерге бейімдік, сыни ойлау, шығармашылық, командада жұмыс, өз жетістіктерін ұйымдастыра алу, эмоциялық интеллект, рефлексия жасау, шешім қабылдау дағдылары.

Бұл дағдылар педагогтар үшін өте маңызды, өйткені білім беру ұйымы оқытумен және тәрбиелеумен ғана айналыспайды, онда өзара диалогтық қатынастар, бірін-бірі дамытуы жүріп отырады, сабақтағы педагогикалық әрекеттерін дамыта отырып, өздері де өзгереді; оқулықтар мен оқытудың технологиясына сай коммуникация құралдары да түрлендіріледі. Соған орай, өзін-өзі оқыту педагогтардың жоғарыда аталған метадағдыларын: өзгерістерге бейімдік, сыни ойлау, шығармашылық, командада жұмыс, өз жетістіктерін ұйымдастыра алу, эмоциялық интеллект, рефлексия жасау, шешім қабылдауын дамытуды көздеуі тиіс.

Зерттеу нәтижелері мен талдаулар. Талқылау

Зерттеу нәтижелерін тұжырымдай келе, қазіргі білім мазмұны мен күтілетін нәтижелерінің жаңаруына байланысты педагог-

тардың өзгерістерге дайындығының кәсіби қажеттілігі тұжырымдалды. Осыған байланысты қызметкерлерді дамыту негізінде өзін-өзі реттеп отыратын ішкі тетік құрылып, онда педагогтардың үнемі өзін-өзі оқытуы ұйымдастырылады.

Тәжірибеміздің қорытындыларын талдау мен нәтижесін бағалауда бірізділік болуы үшін эксперименттік ұйымдарда жүзеге асырылған «Педагогтарды өзін-өзі оқыту ұйымы арқылы өзгерістерге дайындау» жобасының сипаттамасын ұсынамыз. Жоба болжамы: «Білім алушылардың жетістіктері педагогтардың өзгерістерді қабылдауға, өз әрекеттеріне сыни қарауға, оқытуда жаңа әдістер мен жобаларды ендіріп, нәтижелерін талдай, бағалай білуіне байланысты. Оны жүзеге асыру факторының бірі – білім беру ұйымдарында педагогтардың өзін-өзі оқыту жобаларын ұйымдастыру. Педагогтардың өзгерістерге дайындығы белгілі бір дағдыларды игеруде көрінеді».

Зерттеу материалдарына негіздей отырып, педагогтардың өзгерістерге даярлық көрсеткіштері төмендегі метадағдылардан тұрады деп белгіленді:

- педагогикалық әрекеттеріне сыни көзқарас дағдылары;
- адаптациялық және конструктивтік ойлау дағдылары;
- командада жұмыс істеу, диалогтық қатынас дағдылары;
- шығармашылық және зерттеушілік дағдылары;
- өзіндік рефлексия жасау, өздігінен білім алу дағдылары.

Тәжірибелік алаң ретінде алынған білім ұйымдарында сауалнамалар жүргізілді. Оның кейбір нәтижелері: өзгерістерге дайындық педагогтар мен басшылардың пікірлері бойынша төмендегідей жолдармен жүзеге асырылады: педагогтардың біліктілігін арттыру курстарында, семинарларда – 72%; өздері жұмыс істейтін білім беру ұйымдарында жүргізілетін семинарлар мен тренингтерде – 7%; білім беру ұйымдарына сырттан мамандар шақыру негізінде жүргізілетін семинарлар мен тренингтерде – 4%; басқа қалаларда (жеке курстар) – 9%; өз қалауымен – 8 %;

Өзгерістерге дайындық көрсеткіштері бойынша сауалнама нәтижелері: «Педагогикалық әрекеттеріне сыни көзқарас дағдылары» (28,7%), «Педагогтардың жаңашылдық деңгейі» (22,7%),

«Командада жұмыс істеу, диалогтық қатынас дағдылары» (17,1%), «Шығармашылық және зерттеушілік дағдылары» (20,3%), «Өзіндік рефлексия жасау, өздігінен білім алу дағдылары» (11,2%). Жеке педагогтардың жаңашылдық деңгейін зерттеу нәтижесі А – 19,3%; В – 21,7%; С – 26,1%; Д – 20,6%, Е – 12,3% көрсетті (1-кесте*).

Қалыптасқан тәжірибеде педагогты кәсіби жетілдіру бес жылда бір талап етіледі, ал өзгерістерге сай өзіндік даму, өзінің жетістігіне, болашағына қызмет ету – педагогтың кәсіби әрекеттері барысында өзін-өзі үнемі оқытуын, «комфорт зонасынан» шығуын қажет етеді. Адамның танымдық комфорты өзгеріп, «білемін» деген тыныштық қалыптан – «білгім келеді» деген мазасыз қалыпқа өтіп, сұрақтарына жауап іздейтін болғанда ғана даму, өсу үдерісі жүреді. Бұл педагогтың шығармашылығы мен зерттеушілігінің негізін қалайды, оны білім алушылармен бірге жүргізуге мүмкіндік алады. Шын мәніндегі зерттеулер өз сабағын зерттеу, проблемалар себебін анықтау, рефлексиялық тұжырым жасау, өзгерістер динамикасын талдау жасау қорытындыларынан гөрі өз пайымын басшылыққа алатыны анықталды. Білім беру ұйымдарында тарала бастаған сабақты, оқушыны, өз әрекеттерін зерттеу әдістемелері («Lesson Study», «Action Research», «Case study», т.б.) мұғалімдердің бір бірінен үйренуін, өзара оқытуын, топтық жұмыс дағдыларын меңгеруін қажет етеді.

Сауалнамаға берілген жауаптарды жинақтау, өңдеу және талдау барысында ұйымды дамытуға қатысты қалыптасқан педагогтардың көзқарастары мен түсіну деңгейлері анықталды. Эксперимент ретінде ұйымдарда педагогтардың өзгеріске дайындығын дамыту үшін өздері қызмет ететін орында шағын топтарда оқыту ұйымдастырылды. Жоба жаңартылған білім мазмұны негізінде педагогикалық әрекеттерді сапалы және түбегейлі өзгертуге, педагогтар мен білім алушылардың жаңа әрекеттерге ынталануына, жаңа жобаларды жүзеге асырып, тәжірибеге енгізуге негізделді. Өзін-өзі оқыту барысында педагогтардың ізденіске, өз зерттеулерін бірлесе жүзеге асыруға мүмкіндік берілді.

Білім беру ұйымында өзін-өзі оқыту арқылы педагогтарды өзгерістерге дайындау үшін алдымен оның *құрылымдық-мазмұндық моделі* негізделді. Өйткені, модель арқылы зерттеудің ғылыми теориялық негіздері оның практика-


да орындалуының толық көрінісі жасалып, танымдық нысанды тұтас талдауға болады. «Өзін-өзі оқыту ұйымы арқылы педагогтарды өзгерістерге дайындаудың құрылымдық-мазмұндық моделін» төмендегі суретте ұсынамыз (2-сурет).

Біздің зерттеуіміздегі кәсіби әрекеттері барысында педагогтарды өзін-өзі оқыту арқылы өзгерістерге дайындаудың әдіснамалық негіздеріне жүйелік, синергетикалық, әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, интеграциялық тұрғылар алынды. Педагогикалық қарым-қатынастық, кері байланыстық, диалогтық, икемділік, жобалық, матрицалық-конструктивтік, рефлексиялық ұстанымдар зерттеудің ғылыми-әдістемелік іргетасын құрады. Модель құрылымында білім беру ұйымында педагогтарды өзгерістерге дайындаудың мотивациялық, әрекеттік және рефлексиялық компоненттері қарастырылып, әрқайсысының сипаттамалары берілді. Мотивациялық компонент: өзгерістерге ұмтылыс, жаңалықтарды қабылдау, жеке ізденістер, өз қызметіндегі өзгерістердің алатын орнын, мәнін түсіну, талпыныс жасау, ынта мен қызығушылық. Әрекеттік компонент: оқыту және тәжірибемен байланысы, топпен жұмыс, қарым-қатынастық әрекеттер. Конструктивтік қызмет құрастыру – мазмұндық, құрастыру-әрекеттік сапаларды қамтиды. Шығармашылық, жобалық қызметтер, түрлі технологияларды іріктеу, қолдану. Рефлексивтік компонент: өзінің және өзгелердің педагогикалық іс-әрекетін бақылай, бағалай білуі, нәтижені өлшеу әдістерін білу, жаңалықтың тиімділігін талдау, бірлесе шешім қабылдау, қорытынды жасау.

Өзін-өзі оқыту ұйымының құрылымы, мазмұны, әдістемесі жасалып, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды. Педагогтардың өзгерістерге даярлық көрсеткіштері төмендегі метадағдылардан тұрады деп белгіленді: педагогикалық әрекеттеріне сыни көзқарас дағдылары; адаптациялық және конструктивтік ойлау дағдылары; командада жұмыс істеу, диалогтық қатынас дағдылары; шығармашылық және зерттеушілік дағдылары; өзіндік рефлексия жасау, өздігінен білім алу дағдылары. Өзін-өзі оқытудың құрылымдық моделі ретінде Джон П. Коттердің (Kotter, 1997: 66) [20] сатылы өзгерістер әдістемесі бейімделіп алынды. Өзгерістердің моделі оқу мен тәжірибені ұштастыру арқылы педагогтарды өзгерістерге дайындаудың факторы ретінде қарастырылды (3-сурет).

Негіздеме:	Қазіргі қоғамның үдемелі даму жағдайында білім мазмұны мен күтілетін нәтижелерінің жаңаруына байланысты педагогтардың өзгерістерге дайындығын кәсіби әрекеттері барысында ұйымдастырудың қажеттілігі айқындалды.			
Мақсаты:	Білім беру ұйымында өзін-өзі оқыту арқылы педагогтарды өзгерістерге дайындау			
Міндеттері:	Педагогтардың өзгерістерді қабылдау, ойлау өрісін кеңейту, қалыптасқан әрекеттерін қайта қарау, өз бетімен үйрену, өзара оқыту дағдыларын дамыту жолдарын анықтау			
Әдіснамалық тұрғылары:	Жүйелік, синергетикалық, әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, интеграциялық			
Ұстанымдары:	Зерттеушілік, қарым-қатынастық, кері байланыстық, диалогтық, икемділік, жобалық, матрицалық-конструктивтік, рефлексиялық			
Білім беру ұйымында педагогтарды өзгерістерге дайындау компоненттері				
Мотивациялық		Әрекеттік		Рефлексиялық
Өзгерістерге ұмтылыс, жаңалықтарды қабылдау, жеке ізденістер, өз қызметіндегі өзгерістердің алатын орнын, мәнін түсіну, талпыныс жасау, ынта мен қызығушылық.		Оқыту мен тәжірибемен байланысы, топ-пен жұмыс, қарым-қатынастық әрекеттер. Конструктивтік қызмет: құрастыру-мазмұндық, құрастыру-әрекеттік. Шығармашылық, жобалық қызметтер, түрлі технологияларды іріктеу, қолдану.		Өзінің және өзгелердің педагогикалық іс- әрекетін бақылай, бағалай білуі, нәтижені өлшеу әдістерін білу, жаңалықтың тиімділігін тал-дау, бірлесе шешім қабылдау, қорытынды жасау.
Өзін-өзі оқыту ұйымының құрылымы, мазмұны, әдістемесі				
Өзін-өзі оқытудың құрылымдық моделі Дж.Коттердің сатылы өзгерістер әдістемесімен жасал-ды. Өзгерістердің моделі оқу мен тәжірибені ұштастыруға негізделген		Оқыту мазмұны мен кезеңдері: дайындау кезеңі – мотивациялық даярлық; жүзеге асыру кезеңі – теориялық даярлық; бағалау кезеңі – алынған нәтижелерді күтілетін деңгеймен салыстыру, тұжырым жасау.		Оқыту Д. Колбтың «тәжірибе арқылы оқыту» – (experiential learning) әдістемесіне негізделді. Оқыту циклдық кезеңдерден тұрады: Тәжірибе – рефлексия – бірлескен оқу – жаңа тәжірибе
Күтілетін нәтижелері, көрсеткіштері мен деңгейлері				
Педагогтарды өзгерістерге дайындығы ретіндегі метадағдылары				
Педагогикалық әрекеттеріне сыни көзқарас дағдылары	Адаптациялық және конструктивтік ой-лау дағдылары	Өзіндік рефлексия жа-сау, өздігінен білім алу дағдылары	Шығармашылық және зерттеушілік дағдылары	Командада жұмыс істеу, диалогтық қатынас дағдылары
Педагогтардың өзгерістерге дайындығының көрсеткіштері				
Проблеманы сыни талдау, жаңаша ұйымдастыруға даярлығы; ақпаратпен жұмыс, салысты-ру, бағалау, шешім қабылдауы.	Жаңа жағдайларға бейімделе алу, жаңа білім түзілімін, жаңа әрекеттерді құрастыра білуі.	Өз іс-әрекетін талдау, жоспарлау, өз бетінше шешім қабылдау, құбылыстардың бай-ланысын, реттілігін түсіну, шешім қабылдауы.	Тапсырмалар-ды орындауда, құрастыруда тың жолдар табу, эссе жазу, кейс-зерттеулер, жоба-лар жасай алуы.	Түрлі топтарда тиімді қарым-қатынас жасай білу, топтағы өз мүмкіндіктерін білу, басқаның көзқарасын құрметтеу, өз эмоциясын басқара білуі.
Педагогтардың өзгерістерге дайындығының деңгейлері				
Жеткілікті Өзгерістерді түсінеді, бірақ іс жүзінде қолдауда көмек қажет етеді, жаңалықтарды қолдануы жүйелі емес, өз әрекетін үнемі бағаламайды		Жақсы Өзгерістерді қабылдайды, жаңалықтармен жұмыс істеуге қабілеті бар, тұрақты қолданбайды, өзара қарым-қатынасқа икемді.		Жоғары Өзгерістерге даяр, рефлексиясы жоғары, шығармашыл, өз бетімен оқыту жолдарын меңгерген, топтық қарым-қатынас қолданады,
Өзін-өзі оқыту ұйымы – педагогтарды өзгерістерге дайындау факторы				

2-сурет – Өзін-өзі оқыту ұйымы арқылы педагогтарды өзгерістерге дайындаудың құрылымдық-мазмұндық моделі



3-сурет – Өзгерістерге сатылы дайындық құрылымы
(Суреттегі бағыттар ↔ кері байланыс сызықтары)

Тақырыптар бойынша өзгерістер кезеңдері белгіленді:

1. Нақты өзгеріс мазмұны (оқытуда, бағалауда, қарым-қатынаста, т.б.);
2. Проблеманың ұйымдағы орнын анықтау;
3. Талқылау мен шешім қабылдау;
4. Мақсат пен күтілетін нәтижені нақтылау;
5. Қарым-қатынас мазмұнын анықтау, оқытудағы ролін нақтылау;
6. Оқу топтарын құру, оқытудың тәжірибемен байланысын реттеу;
7. Педагогтарды қолдау, ынталандыру;
8. Жетістіктерді үнемі бақылау, байқау, әрекеттерді өзгертіп отыру;
9. Жетістіктердің ұйымда бекітілуі.

Өзін-өзі оқыту мазмұны мен құрылымы са-
тылы өзгерістер алгоритміне сай құрастырылды.
Оны тәжірибеде жүзеге асыру кезеңдері
анықталып, күтілетін нәтижелері төмендегідей
белгіленді: *дайындау кезеңінде* – педагогикалық
ұжымның инновациялық өзгерістерге мотива-
циялық даярлығы; *асыру кезеңінде* – теориялық,
тәжірибелік даярлығы; *бақылау бағалау кезеңінде*
– күтілетін деңгей мен қалыптасқан деңгейлердің
сәйкестігін анықтау, сәйкестендіру.

Дайындау кезеңінде педагогтардың өзгерістерге мотивациялық даярлық деңгейі диагностикаланды.

Жүзеге асыру кезеңі – бұл кезеңде әдіс-метелік қызмет құрылымына иерархиялық өзгерістер енгізілді, матрицалық шығармашылық зертханалар, тәжірибе алаңдарын, кеңесшілік топтар құрылды. Тақырыптық семинарлар, іскерлік ойындар, практикумдар, тренингтер, талдау, әріптестерімен талқылау түрінде жүргізілді.

Педагогтардың әдістемелік білімдерін толықтыру үшін тақырыптық семинарлар мен тренингтер жүргізілді. Берілетін ақпараттар мазмұны, тақырыптарды меңгеру Д. Колбтың «тәжірибе арқылы оқыту» – (experiential learning) әдістемесіне негізделді. Ересектерді қызмет орнындағы тәжірибе барысында оқытуды Д. Колб кезеңдерге бөледі. Әр кезең төрт әрекеттен тұрады және оқыту өз мақсатына жету үшін бұл талаптардың берілген ретпен орындалуы міндетті. Бұл әдіс бойынша оқыту кезеңдері төмендегідей: Тәжірибе (ситуация); Рефлексия (ұғыну, болған ситуацияны түсіну); Түсініктерді жинақтау (тұжырымдар құрастыру, кейбір қажетті шешімдер қабылдау); Тәжірибені жобалау. Бұл жерде білім алу көзі тәжірибе (ситуация, болған жағдай, сабақ тақырыбы, ақпарат, т.б.) ғана емес, негізінен алғанда сол тәжірибені ойша түсіну, ұғыну, қорыту, өздері үшін оның маңызын анықтау, түйін жасау. Одан соң, яғни,

жаңағы тәжірибе (ситуация, болған жағдай, сабақ тақырыбы, ақпарат, т.б.) – қатысушының өз алдындағы жеке мақсатына, міндеттеріне, кәсіби қызметіне қатысты ой елегінен өткізіліп, ұғынылып, тиісті мағына берілгеннен кейін – оның әрі қарай жасалатын қызметінің шартына айналады. Осылайша, жаңа нақты тәжірибе келесі деңгейдегі жаңа ізденістік жұмыстың

бастамасы болып, аталған цикл дамудың келесі деңгейінде қайталанатын. Зерттеушілік сапаларын дамыту үшін топтық, жеке зерттеу тақырыптары бойынша іс тәжірибелерін жүргізуге жағдай туғызылды. Өзара шараларға, сабақтарға қатысу, дөңгелек үстел, жоба қорғау, шығармашылық есептер тыңдау, презентациялар жоспар бойынша орындалды.

1-кесте – Педагогтардың өзгерістерге даярлығын бағалау

Даярлық деңгейі	Диагностикалық көрсеткіштері	Бағалау
Педагогикалық әрекеттеріне сыни көзқарас дағдылары	Проблеманы сыни талдау, жаңаша ұйымдастыруға даярлығы; ақпаратпен жұмыс, салыстыру, бағалау, шешім қабылдауы.	Үнемі – 3 балл, кейде – 2 балл, ешуақытта – 1 балл.
Адаптациялық және конструктивтік ойлау дағдылары	Жаңа жағдайларға бейімделе алу, жаңа білім түзілімін, жаңа әрекеттерді құрастыра білуі	
Өзіндік рефлексия жасау, өздігінен білім алу дағдылары	Өз іс-әрекетін талдау, жоспарлау, өз бетінше шешім қабылдау, құбылыстардың байланысын, реттілігін түсіну, шешім қабылдауы.	
Шығармашылық және зерттеушілік дағдылары	Тапсырмаларды орындауда, құрастыруда тың жолдар табу, эссе жазу, кейс-зерттеулер, жобалар жасай алуы.	
Командада жұмыс істеу, диалогтық қатынас дағдылары	Түрлі топтарда тиімді қарым-қатынас жасай білу, топтағы өз мүмкіндіктерін білу, басқаның көзқарасын құрметтеу, өз эмоциясын басқара білуі.	
Жеке педагогтардың жаңашылдық деңгейі*	А – жаңалықтарды үнемі біліп жүреді, алғашқы болып тәжірибеге ендіреді. В – жаңалықтардың қажеттігін, мүмкіндігін қарап, өз жағдайларына ұқсас болғанда ғана ендіреді. С – жаңалықтарды өз ұжымының көпшілігі қабылдағанда қолдайды. Д – жаңалыққа күмән келтіреді, тек барлығы қабылдаған жаңалықты тәжірибеге ендіреді. Е – жаңалықтар мен тың бастамаларға күмәнмен қарайды.	Бір ғана топты таңдаңыз.*

Қорытынды кезеңде педагогтардың зерттеу тақырыптары бойынша тәжірибелік эксперименттер, шығармашылық-ізденістік жобалары ұйымдастырылып, оған білім алушылар тартылады, қорытындылары бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен проблемалық, әдіснамалық семинарлар өткізіледі. Педагогтар мен басқарушылардың авторлық бағдарламалары, арнайы курстары мен әдістемелік құралдары шығарылады. Бақылау-бағалау кезеңіндегі педагогтардың өзгерістерге даярлығындағы күтілетін деңгей мен қалыптасқан деңгейлердегі сәйкессіздіктер талданды.

Көрсеткіштер төмендегі бағалар бойынша анықталады: Мысалы, толық сәйкес – 3

балл, ішінара сәйкес – 2 балл, сәйкес емес – 1 балл. Жобаның сәйкестік формуласы: $K = K_{ф} : K_{м}$. Аталған нәтижелерді бағалауда төмендегі коэффициенттік көрсеткіштер пайдаланылады: өте төмен – $K < 0,45$; төмен – $0,45 < K < 0,65$; жеткілікті – $0,65 < K < 0,85$; қажетті – $K > 0,85$.

Аталған нәтижелерді бағалауда пайдаланылған коэффициенттік көрсеткіштердің өзгерістері: эксперименттік және бақылау топтарында зерттеу басында орта есеппен $0,45 < K < 0,62$ аралығында болса, зерттеу соңында эксперименттік топтардың нәтижелері әлдеқайда ілгерілеп, $0,65 < K < 0,77$ -ге жетті. Бұл көрсеткіштер келесі сатыдағы жұмыстың – педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндігін дамыту жобасының нәтижелерін бағалауда

эксперименттік топта одан әрі көтерілгенінен $0,65 < K < 0,77$ коэффициенттерінен байқауға болады. Бақылау топтарының нәтижелері зерттеу басындағы $0,45 < K < 0,62$ -ден, соңындағы $0,48 < K < 0,59$ дейін, яғни, аздаған өзгерістерін көрсетті. Одан кейінгі күтілетін деңгей мен қалыптасқан деңгейлердегі сәйкессіздіктердің себептерін анықтау және одан әрі жалғастыру бағдарламасын жасау жұмыстары жоспарланды.

Қорытынды тұжырымдар

3. Оқу құралдарын таңдағанда құралдардың ыңғайлылығын ескеру керек, яғни құралдар мұғалімдерге ресурстарды жасауға, хабарламалар шығаруға және оқушыларды қадағалауға көмектесу; ал оқушыларға ресурстарды жылдам алуға, әртүрлі іс-шараларға қатысуға көмектесу; мұғалімдерге, студенттер мен оқушыларға кедергісіз интерактивті байланыс орнатуға көмектесу; мектеп пен ата-аналар арасында байланыс орнатуға көмектесуі керек. Университеттер мен мектептердегі мұғалімдерге онлайн оқытудың үздіксіз дамуын қолдау үшін әртүрлі оқу құралдарын тез және ыңғайлы түрде таңдауына жағдай жасау мақсатында, оқу құралдары сілтемелерді және сабақ үрдісіндегі әдістерді қолдау түрі бойынша сегіз санатқа бөлінеді. Оларға: ресурстарды әзірлеу құралдары; синхронды оқытуды қолдайтын трансляция құралдары; асинхронды оқытуды қолдайтын онлайн сабақтар платформасы; жекелеген пәндерді оқу құралдары; студенттердің білімін нығайту құралдары; академиялық талдау қабілетін арттыратын құралдар; жаттығу мен бағалау құралдары; сыныпты және ресурстарды басқаруға арналған құралдар.

4. Ақпараттық технологияларды білім беру саласында терең қолдану арқылы оқыту әдістерінің әртараптандырылған даму тенденциясы байқалады. Мобильді интернеттің қарқынды дамуы мобильді оқыту, кез-келген жерде оқыту және үзінді (фрагментті) оқыту сияқты бірнеше оқыту әдістерін тудырды.

Болашақ оқыту әдістерінің даму тенденциясы туралы «Қытайдың білім беруді модернизациялау 2035» бағдарламасында интеллектуалды технологияны білім беру мен оқыту процесіне терең интеграциялауға ықпал ету, виртуалды шындық технологиясын толық пайдалану, зияткерлік оқу кеңістігі мен оқу тәжірибесі орталықтарын құру және т.б., мақсаттарды алға жылжыту қажет деп нақты айтқан (中国教育现代化 2035, 2020).

5. Оқытуды ұйымдастыру формасы – бұл мұғалімнің оқытуы мен оқушының білім алуы арасындағы байланыс. Ол белгілі бір оқыту идеялары, оқыту мақсаттары, оқыту мазмұны, оқытудың субъективті және объективті жағдайларына сәйкес ұйымдастырылатын оқыту тәсілі (马晓强, 都丽萍, 2002) [17].

Эпидемияның алдын алу және бақылау кезінде оқу процесі онлайн түрде орындалды. Мектептегі әртүрлі жастағы оқушылардың физикалық және психикалық ерекшеліктері мен әр пәнді ұйымдастырудан басқа, онлайн оқытуды тиімді ұйымдастыру мұғалімдердің басты проблемасына айналды. Мұғалімдерге білім алушылардың ерекшеліктері мен оқыту мазмұнын біріктіруге және онлайн оқытуды өткізудің тиімді құралдарын таңдауға көмектесу үшін зерттеушілер онлайн оқытуды ұйымдастыру формаларын жіктеген. Әрбір онлайн оқытуды ұйымдастырудан күтілетін нәтиже мен кедергілеріне талдау жасаған.

6. Онлайн оқытуды тиімді қолдау қызметі – бұл онлайн білім беру сапасын қамтамасыз етудің кепілі. Онлайн білім беруді қолдау қызметтері екі жүйені қамтиды: мұғалімдерге онлайн оқытуды қолдау қызметі және студенттердің онлайн білім алуын қолдау қызметі, олар үкіметпен, мектептермен, кәсіпорындармен, отбасылармен және қоғаммен бірлесе отырып, мұғалімдер онлайн оқытудың және студенттердің онлайн білім алуының дұрыс бағытта дамуын қамтамасыз етеді. Ол жарнамалық саясат, менеджмент, ресурстар, технологиялар, құралдар, қоршаған орта және басқа да қолдау қызметтері арқылы көрінеді. Онлайн білім берудегі әртүрлі қолдау қызметтерінің өзегі жоғарғы сапалы оқуды қолдау қызметтерін ұсыну болып табылады, яғни студенттердің өз бетінше білім алуына басшылық жасайтын, көмектесетін және алға

жылжытатын әртүрлі қолдау қызметтері (LEE J.W.M, MCLOUGHLIN C., 2010) [18], олар негізінен академиялық қолдау қызметтерін (яғни білім, таным және интеллектуалдық қабілет) және академиялық емес қолдау қызметтерін (яғни эмоционалды және әлеуметтік қолдау) қамтиды (谢洵, 郑勤华, 陈丽, 2016) [19].

Онлайн оқытудың тиімді дамуын қолдау мақсатында Білім министрлігінің WeChat-тағы ресми аккаунты «Weiyuan Education» арқылы эпидемияның алдын алу және бақылау кезінде 2020 жылдың 23 қаңтарынан бастап мұғалімдерге, оқушылар мен ата-аналарға профилактикалық көмек және бақылау жүргізу бойынша әртүрлі ақпараттармен қамтамасыз етіп отырды. Сондай-ақ, мұғалімдер, студенттер, ата-аналарға және т.б. эпидемияның алдын алу және бақылау мақсатында үй жағдайында кездесетін әртүрлі когнитивті, эмоционалды және физикалық проблемаларды шешуге қатысты ақпараттарды жариялап отырған.

«Білім беруді ақпараттандырудың он жылдық даму жоспары» мен «Білім беруді ақпараттандыру 2.0 іс-шаралар жоспарында» мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық сауаттылығын жан-жақты жетілдіру керек деп нақты айтылған. Бірақ, эпидемиялық ахуал жағдайында қысқа мерзімде мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық сауаттылығын жақсартуда қиындыққа тап болды.

7. «Қытайдың ғаламтор желісінің дамуы туралы 44-ші статистикалық есепке» сәйкес, 2019 жылдың маусым айындағы жағдай бойынша онлайн білім алушыларының интернет қолданушыларының жалпы санының 27,2% және мобильді интернетті пайдаланушылардың 23,6% құрады (中国互联网络信息中心, 2019). Онлайн білім беруді кеңінен насихаттау әлі де алда тұрғанын көруге болады. Білім министрлігі Ғылым мен технологияларды дамыту орталығының директоры Ли Чжимин онлайн білім беру проблемалары мен қиындықтарын келесідей төрт аспект бойынша қорытындылады: 1) оқудан шығушылардың көп саны мен оқыту нәтижесінің нашарлығы; 2) онлайн білім беру курстары тұтынушылардың шынайы сұранысына сай емес; 3) оқу нәтижесін растайтын сертификациялау жүйесін құру; 4) оқыту пәндерінің мазмұны, оқытушылар құрамы мен оқыту технологиялары осы сала дамуының негізгі факторлары. Профессор Хуан Жунхуай үкімет, кәсіпорын мен мектептің тығыз ынтымақтастығы келесі сипаттамаларды көрсетеді деп санайды: икемді оқыту, тәуелсіз оқыту; сұраныс бойынша таңдау, айырмашы-

лықтарды құрметтеу; ашық ресурстар, ғылыми және технологиялық қолдау; үкімет басшылығы, мектеп ұйымы; үй мен мектептің байланысы және қоғамдық белсенділік (黄荣怀, 张慕华, 沈阳, 田阳, 曾海军, 2020).

Әр аймақта **“сабақ тоқтаса да, оқуды тоқтатпаймыз”** бастамасын іске асыру мақсатында оқушылардың үйден білім алуына көмектесу үшін білім министрлігі тиісті провинциялардан, қалалардан және мектептерден жоғарғы сапалы оқу ресурстарын біріктіріп, оқу басталуын кейінге қалдыру кезінде China Mobile мен басқа компаниялар ұлттық бастауыш пен орта мектептер онлайн бұлтты платформасын, сонымен бірге Қытай Білім беру телевизиясының әуе сыныбы бүкіл ел бойынша 180 миллион бастауыш және орта мектеп оқушыларының онлайн білім алуына мүмкіндік берді.

Интернеттегі жоғарғы сапалы оқу ресурстарын байыту мақсатында Білім министрлігі жергілікті мектептің онлайн оқу ресурстарын көпшілікке ақысыз ашу үшін Бейжің мен Шанхайдағы жергілікті білім беру бөлімдерін, сондай-ақ Бейжіңнің бірнеше университетіне кіретін бастауыш және орта мектептердің электронды оқу ресурстарын біріктірген. Бастауыш және орта мектеп оқушылары оны өз бетінше пайдалана алатын болған. Сонымен бірге, «Халықтық білім» баспасы 2020 жылдың көктемгі оқу мезгілінде оқытушылар мен студенттерге ақысыз пайдалануы үшін жалпы орта мектеп оқулықтарының, басқа да басылымдардың электронды нұсқасын, сонымен қатар цифрлы оқыту ресурстық кітапханасын көпшілікке тегін ашты.

Қазіргі уақытта бүкіл елдегі бастауыш және орта мектептер онлайн түрде оқу үшін онлайн бұлтты платформасын қолданады, ал университеттер мен колледждер білім беру министрлігі ашқан 22 онлайн курс платформасындағы 24000 курс пен Қытайдың ЖОО МООС платформаларын пайдаланады (黄荣怀, 张慕华, 沈阳, 田阳, 曾海军, 2020) [11].

2020 жылы онлайн және қашықтан білім беру жүйесіне жаппай әрі мәжбүрлі түрде ауысқан Қытайдың білім саласында мынадай мәселелер пайда болды:

1. Дайындық уақытының аздығы: оқытушылар білім беру материалдарын онлайн жүйеге дайындап үлгермегендіктен, кей университеттер мен мектептер онлайн білім алушыларға қолайлы жағдай жасап, қолдау көрсете алмады.

2. Онлайн оқытудың тиімді әдістерінің жетілмегендігі: көптеген оқытушылар дәстүр-

лі оқыту формасына бейімделгендіктен, оқытудың жаңа форматына еш тәжірибесіз көшу көп мәселелерді туғызды. Студенттер мен оқушылардың қызығушылығын жоғалтып алмас үшін оқытудың түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдерін меңгеру қажет болды. Онлайн оқытудың тиімді әдістерін меңгермегеннің нәтижесінде оқу сапасы төмендеп кетті.

3. Интернет мәселесі:

- Қытай халық саны және жер көлемі жағынан үлкен мемлекеттердің қатарында. Техникасы қаншалықты дамыған болса да интернет әлі жете қоймаған елді-мекендер және ауыл-аймақтар бар.

- Бір мезетте интернет желісіне қолданушылардың қосылуы онлайн оқыту кезінде оқу процесіне көп кедергі тудырды (оқушылардың толық қатыса алмауы, күтпеген жерден сабақтың үзіліп қалуы немесе оқу платформасына мүлдем қосыла алмауы).

- Жалпы алғанда, Қытайда жоғары жылдамдықтағы интернетке шектеу бар. Яғни, интернеттің жылдамдығы өте баяу. Бұл өз кезегінде онлайн білім алуға өте үлкен кері әсерін тигізді.

4. Қоғамның қабылдауы:

Онлайн оқыту туралы түсінік қоғамда әртүрлі пікірлер қалыптастырды. Кейбіреулері онлайн оқыту пандемия кезінде тығырықтан шығудың бір амалы деп қараса, енді кейбіреулері онлайн оқытуда білім сапасының төмендігі туралы айтты. Ал үшіншілері онлайн оқыту формасын жетілдіру және болашақта оған деген сұраныстың артатыны туралы айтты. Мұндай ойлар қоғамда оқытудың онлайн форматы туралы жалпы қалыптасқан біртекті пікірдің жоқтығын көрсетеді. Тіпті оқытушылар мен ата-аналар арасында да онлайн оқытуға қатысты жағымды және жағымсыз көзқарастар көп. Бұндай пікірлер онлайн оқытуды жалпыластыру кезінде көптеген кедергілер туғызды.

Қорытынды

Тақырыпты түйіндей келе әлемдік дүрбелеңге ұласқан пандемия кезінде офлайн және онлайн оқыту формаларын практика жасап іске асыра алған Қытайдың басқа елдерге қарағанда тәжірибесі бары анық екендігіне көз жеткізілді. Сондай-ақ технологиялық, интернет контенттің қолжетімділігі тұрғысынан проблемалары да жетерлік. Дегенмен, онлайн оқытудың жаңа заманға сай ХХІ ғасырдағы білім алу формасы ретінде тағы да үздіксіз дамуы, жетілуі қажет екендігі байқалады. Әрбір білім алушы кез келген жағдайға қарамастан сауатты болуы үшін

жасалынған мұндай әрбір қадамдар болашағымыздың технологиялық дизруптивтік орасан зор өзгерістерге толы болатындығының сілтемесі іспетті. Зерттеушілер онлайн білім жүйесін жаңа деңгейге көтеру керек және онлайн білім берудің методикаларын жетілдіру, интернет пен

заманауи технологияны меңгерген оқытушылар санын көбейту, онлайн оқыту үшін және оқу үшін қажетті технологиялардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, қоғамның онлайн оқыту туралы түсінігін кеңейтіп, мүмкіндіктерін дәріптеу қажет деген қорытындыға келді.

Әдебиеттер

- 1 冯建军. (2020). 后疫情时期重构教育新常态. 中国电化教育. 第404期 (9), 1-6.
- 2 Ting S. R., Smith A. C., Gomez E. (2018). E-Learning in China: Progress, challenges, and research issues // Digital Transformation and Innovation in Chinese Education. – IGI Global, pp. 1-17.
- 3 利用网络平台“停课不停学” [EB/OL] . (2020 - 02 - 01) [2020 - 05 - 22] . http://www.moe.gov.cn/jyb_xwfb/s5147/202002
- 4 刘铁芳, 黄鑫. (2020). 疫情后的教育观念与实践变革(笔谈). 北京教育学院学报. 第34卷第4期 (8), 21-28.
- 5 罗华陶. (2020). 重大疫情后国际高等教育格局将会颠覆和重构. 高等理科教育. 第4期 (总第152期), 8-9.
- 6 洪富, 薛映欣. (2020). 后疫情时代高校思政育的新思考. 吉林省社科院. 第2期 (8), 39-42.
- 7 顾明远, 滕珺. (2020). 后疫情时代教育国际交流与合作的新挑战与新机遇. 北京师范大学国际与比较教育研究院. 第9期 (9), 3-13.
- 8 焦建利, 周晓清, 陈泽璇. (2020). 疫情防控背景下“停课不停学”在线教学案例研究. 中国电化教育, 2020(03):106-113.
- 9 黄荣怀, 张慕华, 沈阳, 田阳, 曾海军. (2020). 超大规模互联网教育组织的核心要素研究——在线教育有效支撑“停课不停学”案例分析. 电化教育研究, 2020,41(03):10-19.
- 10 Huang R. et al. (2020). Disrupted classes, undisrupted learning during COVID-19 outbreak in China: Application of open educational practices and resources // Smart Learning Environments. – T. 7. – №. 1. – C. pp. 1-15.
- 11 王世新. (2020). 疫情下的在线教育：中国教育变革播种机[J]. 中国教育网络, 2020(08):16-24.
- 12 中国互联网络信息中心. (2019). 第44次中国互联网络发展状况统计报告[R]. 北京：中国互联网络信息中心.
- 13 United Nations Educational, Scientific, and Cultural Organization (UNESCO). (2019). Recommendation on open educational resources (OER). https://en.unesco.org/news/unesco-recommendation-open-educational-resources-oer?fbclid=IwAR2Y2ijJ4pU0vg48qP1MANhveD2I5vKPeBb9JsEdcyKDe2C_MThcnJB4k. Соңғы көрілген дата: 25.11.2020.
- 14 Yang, S. (2020). As teaching shifts online during the epidemic, it faces copyright issues. <https://news.cgtn.com/news/2020-02-20/Copyright-concerns-as-teaching-shifts-online-during-epidemic-OejyJkh3xu/index.html>. Соңғы көрілген күн: 25.11.2020.
- 15 Ozdemir O., Bonk C. J. (2017). Turkish Teachers' Awareness and Perceptions of Open Educational Resources // Journal of Learning for Development. – T. 4. – №. 3. – C. 307-321.
- 16 中共中央、国务院. (2019). 中国教育现代化2035. http://www.moe.gov.cn/jyb_xwfb/s6052/moe_838/201902/t20190223_370857.html. Соңғы көрілген күн: 25.11.2020.
- 17 马晓强, 都丽萍. (2002). 教学组织形式的嬗变与网络教学. 教育研究. (4) : 49-51.
- 18 LEE J W M. MCLOUGHLIN C. (2010). Applying Web 2.0 tools in hybrid learning designs [M]// WANG F. L. FONG J. KWAN R. Handbook of research on hybrid learning models. advanced tools. technologies. and applications. Pennsylvania. IGI Publishing. pp. 22-23.
- 19 谢淘, 郑勤华, 陈丽. (2016). “学习支持服务”第三方质量监测研究. 中国远程教育, (6) : 28-35, 79-80.

References

- Central Committee of the Communist Party of China, State Council (2019). China Education Modernization 2035. moe.gov.cn. (In China)
- China Internet Network Information Center (2019). The 44th Statistical Report on Internet Development in China. Beijing: China Internet Network Information Center.
- Feng Jianjun (2020). Reconstructing the New Normal of Education in the Post-epidemic Period // China Educational Technology (9), 1-6. (In China)
- HUANG Ronghuai, ZHANG Muhua, SHEN Yang, TIAN Yang, ZENG Haijun (2020). Research on the Core Elements of Running a Huge Scale of Cyber-learning: A Case Study of “Disrupted Class, Undisrupted Learning” Supported Effectively by Online Education // E-Education Journal. 41(03): 10-19. (In China)
- Huang, R., Tlili, A., Chang, T. W., Zhang, X., Nascimbeni, F., & Burgos, D. (2020). Disrupted classes, undisrupted learning during COVID-19 outbreak in China: application of open educational practices and resources. *Smart Learning Environments*, 7(1), 1-15.
- Jiao Jianli1, Zhou Xiaqing1, Chen Zexuan (2020). Case Analysis of the Online Instruction in the Context of “Classes Suspended but Learning Continues” for Plague Prevention. China Educational Technology. 2020(03):106-113. (In China)
- Lee, M. J., & McLoughlin, C. (2010). Applying Web 2.0 tools in hybrid learning designs. In *Handbook of research on hybrid learning models: Advanced tools, technologies, and applications*(pp. 371-392). IGI Global. (In China)
- Liu Hongfu, Liu Ying, Xue Yingxin (2020). New Thoughts on Ideological and Political Education in Higher Vocational Colleges after the Epidemic // Journal of Jilin Provincial Institute of Socialism. – №. 2. – C. pp. 39-42. (In China)
- Liu Tiefang, Huang Xin (2020). Educational concepts and changes in practice after the epidemic // Journal of Beijing Institute of Education. – №. 4. – C. pp. 21-28. (In China)

- Luo Huatao (2020). After a major epidemic, the international higher education landscape will be subverted and reconstructed // Higher Education of Sciences. – №. 4. – С. pp. 8-9.
- Ma Xiaoqiang, Du Liping (2002). The Evolution of Teaching Organization and Network Teaching // Educational Research. (4). 49-51. (In China)
- New Challenges and Opportunities for International Exchange and Cooperation in Education in the Post-pandemic Era // Comparative Education Review. – №. 9. pp. 3-13. (In China)
- Ozdemir, O., & Bonk, C. J. (2017). Turkish Teachers' Awareness and Perceptions of Open Educational Resources. *Journal of Learning for Development*, 4(3), 307-321.
- Ting, S. R., Smith, A. C., & Gomez, E. (2018). E-learning in China: Progress, challenges, and research issues. In *Digital transformation and innovation in Chinese education* (pp. 1-17). IGI Global.
- United Nations Educational, Scientific, and Cultural Organization (UNESCO). (2019). "Recommendation on open educational resources (OER)." en.unesco.org. Соңғы көрілген дата: 25.11.2020.
- Use the online platform to "Disrupted Class, Undisrupted Learning". http://www.moe.gov.cn/jyb_xwfb/s5147/202002 (In China)
- Wang Shixin (2020). Online education under the epidemic: China's educational reform planter // China Education Network. 2020(08):16-24. (In China)
- Xie Xun, Zheng Qinhu, Chen Li (2016). «Learning Support Service» Third-Party Quality Monitoring Research // Distance Education in China. .6. 28-35.79-80.
- Yang, S. (2020). "As teaching shifts online during the epidemic, it faces copyright issues." news.cgtn.com

5-бөлім
**ИНКЛЮЗИВТІ
БІЛІМ БЕРУ**

Section 5
**INCLUSIVE
EDUCATION**

Раздел 5
**ИНКЛЮЗИВНОЕ
ОБРАЗОВАНИЕ**

Р.Т. Байчинов^{1*}, К.Ш. Коккозева²¹ШҚО білім басқармасы «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» КММ,

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Қазақстан, Өскемен қ.

Новосібір мемлекеттік педагогикалық университеті, РФ, Новосібір қ.

²С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Қазақстан, Өскемен қ.

*e-mail: pony_05@mail.ru

СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ АУЫР БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА СӨЗДІҢ БУЫНДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МОДЕЛІ

Мақалада сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балалардағы сөздің буындық құрылымын қалыптастыру бойынша логопедиялық жұмыстың моделі ұсынылған. Сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар (моторлы алалия және сөйлеу тілінің жалпы дамымауы) мектепке дейінгі жастағы балаларда сөздің буындық құрылым мәселесін талқылауға баса назар аударылады, өйткені ол өте маңызды, себебі түзете-дамыту жұмысы үшін тек балада қалыптасқан буындық кластарды ғана емес, сонымен қоса, енді қалыптастырылатын буындық кластарды да анықтау маңызды. Бұдан бөлек, логопедке сөздің буындық құрылымының бұзылыстарын дұрыс анықтау маңыздылығы атап өтіледі. Белгілі болғандай, аталған бұзылыс диапазоны әртүрлі: сөздің буындық құрылымының жеңілінен дөрекі бұзылыстарына дейін. Авторлардың көлемді статистикалық және өзіндік тәжірибелері, логопедиялық жұмыс негізінде сөздің буындық құрылымын түзету – сөйлеу тілінің жүйелі бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыстағы ең басты және өте қиын міндеттердің бірі. Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі және әлеуметтік қызметкерлер мен еріктілер ассоциациясы жанындағы оқу-әдістемелік орталығы базасында авторлармен жүргізілген түзету жұмысы сипатталған (Шығыс Қазақстан облысы). Аталған категориядағы балаларда сөздің буындық құрылымын қалыптастыру бойынша жұмыстың қадамдық реттілігі көрсетілген. Аталған мәселе бойынша авторлардың назары, негізінен, логопедтің тәжірибелік жұмысына аударылған. Авторлар сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар балаларды түзету және дамыту нақты құрылған түзете-дамытушылық жұмыс моделіне байланысты екендігін кезең-кезеңімен дәлелдейді.

Түйін сөздер: ерекше білім алу қажеттіліктері, ауыр сөйлеу бұзылыстары, мектепке дейінгі жас, сөздің буындық құрылымы, логопедиялық жұмыстың моделі, тексеру, қалыптастыру, қорытынды.

R.T. Baichinov^{1*}, K.Sh. Kokkozeva²¹Regional psychological, medical and pedagogical consultation, East Kazakhstan University

named after S.Amanzholov, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,

Novosibirsk State Pedagogical University, Russia, Novosibirsk

²East Kazakhstan University named after S.Amanzholov, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk

*e-mail: rauan.b_1991@mail.ru

Model of Logopedic Work on the Formation of the Syllable Structure of Words of Preschool Children With Severe Speech Disorders

The article presents a model of speech therapy work on the formation of the syllable structure of words in preschool children with severe speech disorders. Particular attention is paid to the analysis of the problem of the syllable structure of words in preschool children with severe speech disorders (motor alalia and general speech underdevelopment), this is very important, as for correctional work it is important not only to determine those syllabic classes that are formed in the child, but also to identify those that need to be formed. It also emphasizes the importance for a speech therapist to correctly determine the type of violation of the syllabic structure of a word. As a rule, the range of these violations varies widely: from minor difficulties in pronunciation of words of complex syllable structure to gross violations. On the basis of large statistical material and the authors' own practical experience, speech therapy work, it is shown that the correction of the syllable structure of a word is one of the priority and most difficult tasks in working with preschoolers with systemic speech disorders. The authors describe the correctional work carried out by the authors on the basis of the regional psychological, medical and

pedagogical consultation and the educational and methodological center under the Association of Social Workers and Volunteers (The East Kazakhstan region). A step-by-step structure of work on the formation of the syllable structure of words in children of this category is given. The authors' attention is focused mainly on the practical work of a speech therapist on this issue. The authors consistently prove that the correction and development of children with severe speech impairments depend on a well-built model of correctional and developmental work.

Key words: special educational needs, severe speech disorders, preschool age, syllable structure of words, speech therapy model, examination, formation, result.

Р.Т. Байчинов^{1*}, К.Ш. Коккозева²

¹КГУ «Областная психолого-медико-педагогическая консультация» управления образования ВКО, Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Казахстан,

г. Усть-Каменогорск; Новосибирский государственный педагогический университет, Россия, г. Новосибирск

²Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Казахстан, г. Усть-Каменогорск

*e-mail: rauan.b_1991@mail.ru

Модель логопедической работы по формированию слоговой структуры слов у детей дошкольного возраста с тяжелыми нарушениями речи

В статье представлена модель логопедической работы по формированию слоговой структуры слов у детей дошкольного возраста с тяжелыми нарушениями речи. Особое внимание уделяется анализу проблемы слоговой структуры слов детей дошкольного возраста с тяжелыми речевыми нарушениями (моторная алалия и общее недоразвитие речи), это очень важно, так как для коррекционной работы необходимо не только определить те слоговые классы, которые сформированы у ребёнка, но и выявить те, которые необходимо сформировать. Подчеркивается также значимость для логопеда правильно определить тип нарушения слоговой структуры слова. Как правило, диапазон данных нарушений широко варьируется: от незначительных трудностей произношения слов сложной слоговой структуры до грубых нарушений. На основе большого статистического материала и собственного практического опыта и логопедической работы авторов показано, что коррекция слоговой структуры слова – одна из приоритетных и наиболее трудных задач в работе с дошкольниками, имеющими системные нарушения речи. Описана проводимая авторами коррекционная работа на базе областной психолого-медико-педагогической консультации и учебно-методического центра при ассоциации социальных работников и волонтеров (Восточно-Казахстанская область). Дана пошаговая структура работы по формированию слоговой структуры слов у детей данной категории. Внимание авторов сфокусировано в основном на практической работе логопеда по данной проблеме. Авторы последовательно доказывают, что коррекция и развитие детей с тяжелыми нарушениями речи зависят от четко выстроенной модели коррекционно-развивающей работы.

Ключевые слова: особые образовательные потребности, тяжелые нарушения речи, дошкольный возраст, слоговая структура слов, модель логопедической работы, обследование, формирование, результат.

Кіріспе

Қазіргі таңда еліміздегі әлеуметтік саясат ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік оңалту мен дамытуды көздейді. Өйткені, ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар саны жыл өткен сайын жоғарылап келеді. Солардың ішінде ең көп кездесетіні – сөйлеу тілі бұзылысы бар балалар. Сөйлеу тілінің бұзылысы, әсіресе, мектепке дейінгі жастағы балаларда жиі байқалады. Атап айтқанда, ШҚО психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі берген мағлұматтарда сөйлеу тілі бұзылған мектепке дейінгі жастағы балалардың келесідегідей статистикасы берілген: 2014 жылы 1200, 2015 жылы 1249, 2016 жылы 1254, 2017 жылы 1370, 2018 жылы 1256, 2019 жылы 1297 бала (ШҚО бойын-

ша есепте тұратын дамуында мүмкіндігі шектеулі балалар туралы мағлұматтар) [1].

Осы мәліметтерден аталған балалар категориясының жыл өткен сайын артып келе жатқандығы анық көрінеді. Сонымен қатар, статистикалық деректерді талдау мектепке дейінгі жаста сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстарының, яғни әртүрлі деңгейдегі сөйлеу тілінің жалпы дамымауының, моторлы алалияның кездесіндігін көрсетіп отыр (ШҚО бойынша есепте тұратын дамуында мүмкіндігі шектеулі балалар туралы мағлұматтар).

Әдеби шолу

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы және моторлы алалиясы бар мектепке дейінгі жастағы

балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері қазақстандық Қ.Қ. Өмірбекова, Г.Б. Ибатова (Қ.Қ. Өмірбекова, 2011) [2], А.К. Ерсарина (А.К. Ерсарина, 2014) [3] және т.б.) және ресейлік (Р.Е. Левина (Р.Е. Левина, 2008)) [4], Л.С. Волкова (Л.С. Волкова, 2002) [5], Н.А. Никашина, Т.Б. Филичева (Т.Б. Филичева, 2013) [6] т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Осыған орай, аталған ғылыми еңбектерде көрсетілген сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстарында сөздік қордың шектелуі, фонетика-фонематикалық бұзылыстардың (соның ішінде сөздің дыбыстық-буындық, буындық құрылымдарының дөрекі бұзылыстары) болуы, грамматикалық қатардың, фразалық және байланыстырып сөйлеу тілінің қалыптаспауы немесе жеткіліксіз қалыптасуы көрсетілген.

Жоғарыда аталған авторлар сөйлеу тілінің жалпы дамымауы және моторлы алалиясы бар мектепке дейінгі жастағы балалармен логопедиялық жұмыстың жалпы бағыттарын анықтап, сөйлеу тілінің құрылымдық компоненттерін қалыптастыру және дамыту әдіс-тәсілдерін жинақтаған (А.К. Ерсарина, 2014) [3].

Дегенмен, сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балаларда сөздің буындық құрылымын қалыптастыруда қолданылып жүрген әдістер мәселені толығымен шешпейді. Буындық құрылым бұзылыстарын жоюдың жаңа әдістемелік аспектілерін, тиімді әдіс-тәсілдерін одан ары өңдеу маңызды және өзекті болып табылады. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс эмоционалды жағымды, шаршатпайтын және жан-жақты болуы керек, ал бұл жағдай дамытушылық әсер етудің тиімді әдістерін одан ары іздеуге және қолдануға итермелейді.

Осы ретте, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы және моторлы алалиясы бар мектепке дейінгі жастағы балаларда сөздің буындық құрылымын қалыптастыру бойынша жұмыстың мазмұны толыққанды емес. Осылайша, балаларда сөздің буындық құрылымын зерттеу және қалыптастыру әдістемесінің жеткіліксіздігі, соның негізінде тәжірибе жүзінде сынақтан өтіп, ғылыми зерттеулер нәтижесімен дәлелденген жұмыс моделінің жоқтығы біздің зерттеу жұмысымыздың мақсатын анықтады.

Зерттеудің объектісі мен әдістері

Өртүрлі дерек көздерін зерттеу сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары (сөйлеу тілінің жалпы дамымауы және моторлы алалиясы) бар

мектепке дейінгі жастағы балаларда сөздің буындық құрылымын қалыптастыру бойынша логопедиялық жұмыстың моделін құру маңызды екендігін көрсетті.


Белгілі болғандай, *модель* – зерттелінуші объектіге (құбылысқа) тән, жай және күрделі формада оның құрылымын, қасиетін, өзара байланысын және қатынасын көрсететін сызба, жиынтық, таңба немесе формула түрінде құрастырылған объект (Бешенков С.А., 2002) [7].

Біздің жағдайда, *логопедиялық жұмыстың моделі* – ол қатаң алгоритм негізінде бірнеше әдістемелерді жинақтап, барлық жұмыс кезеңдерін қамтитын жұмыс жүйесі.

Мәселе бойынша арнайы әдебиет көздерін зерттеп, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы және моторлы алалиясы бар мектепке дейінгі жастағы балалардың буындық құрылымын қалыптастыру бойынша жұмыс кезеңдерін талдау эксперименталды жұмыстың басты бағыттарын белгілеуге жәрдемдесті.

2015-2020 жылдар аралығында сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балаларда сөздің буындық құрылымын қалыптастыру бойынша логопедиялық жұмыстың моделі эксперименталды жұмыста Шығыс Қазақстан білім басқармасының «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» КММ және «Әлеуметтік қызметкерлер және еріктілер ассоциациясы» ҚБ жанындағы Оқу-әдістемелік орталығында 4-5 жас және 5-6 жас аралығындағы 58 балаға қолданылып, апробациядан өткізілді. Осы мақалада соңғы 2019-2020 оқу жылындағы 12 баланың нәтижелері көрсетілді.

Логопедиялық жұмыстың моделі



1-сурет – Логопедиялық жұмыстың моделі

Біз ұсынған логопедиялық жұмыс моделінің мақсаты сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балаларда бірнеше кезеңдерді жүйелейтін сөздің буындық құрылым бұзылыстарын анықтау және сөздің буындық құрылымын алгоритм бойынша қалыптастыру болып оның тиімділігі нақтыланды.

Жоғарыдағы бізбен ұсынылған модельдің анықтамасына сәйкес 3 кезеңді қамтитын логопедиялық жұмыстың моделі құрастырылды: *деректеуші, қалыптастырушы және қорытынды*.

Біздің модель бойынша *логопедиялық жұмыстың деректеуші кезеңінде* қазақстандық және ресейлік ғалымдардың, практик-мамандардың моторлы алалиясы және сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар мектепке дейінгі жастағы балалардағы сөздің буындық құрылымын зерттеуге арналған еңбектерді негіз етті. Мысалы, А.К. Маркова әдістемесіне сүйеніп (А.К. Маркова, 2017) [8], қазақ тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін, бастысы, сингармонизм заңдылығын және балалардың жас ерекшеліктерін, олардың дыбыстау мүмкіндіктерін есепке ала отырып, алдын ала құрастырылған модельдің бір бөлігі, яғни балаларда сөздің буындық құрылымын тексеру әдістемесі қолданылды. Әдістемеді әртүрлі буындық құрылымдағы сөздердің 26 класы және басқа да құрылымы күрделі сөздер, әртүрлі буындық құрылымнан тұратын сөз тіркестері мен сөйлемдер бойынша буындық құрылымды тексеру көзделген. Сөздердің буындық құрылымын тексеру бойынша тапсырмаларда дыбыстардың пайда болу реттілігі, дыбыстарды автоматизациялау ерекшеліктері, дыбыс және буын үндестігі қатаң ескерілген. Атап айтқанда, онтогенездің алғашқы дыбыстары, одан кейін ысқырықты, ызыңды және үнді дыбыстар бойынша рет-ретімен алынды. Сонымен қатар, лингвистикалық материалдарды беруде екі жағдай қарастырылды: әдеттегі және ерекше (сингармонизм заңдылығы сақталмаса, сөзді, сөз тіркесін және сөйлемді қабылдау үрдісі бұрмаланады және бір буыннан екінші буынға, бір сөзден екінші сөзге көшу қиындайды). Көрнекі материалдар ретінде суреттер ұсынылды.

Модель бойынша сөздің буындық құрылымын тексеру 3 бөлім бойынша жүзеге асырылды.

1) *Әртүрлі буындық құрылымдағы сөздерді айтуды зерттеу (1-23 кластар)*.

Нұсқау: «Мына суреттерді ата немесе менің соңымнан қайтала»

2) *Буындық құрылымы күрделі сөздерді айтуды зерттеу (24-26-кластар)*.

Нұсқау: «Мына суреттерді ата немесе менің соңымнан қайтала»

Зерттеу әдістемесінің бірінші және екінші бөлімдері бойынша келесідегідей материалдар үлгісі (қысқаша) ұсынылды.

1-класс – бір ашық буыннан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда			
ту	су	шу	ру
бу	зу	жу	

2-класс – екі ашық буыннан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда			
ана	маса	шана	бала
ата	таза	жаға	дәрі
Ерекше жағдайда			
үкү		көше	сөрө
түйө		көже	

3-класс – үш ашық буыннан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда			
бетеге	кесене	машина	шағала
тегене		кебеже	терезе
Ерекше жағдайда			
бөденө		шөмөлө	бөренө
такыйа			құмұра

4-класс – бір тұйық буыннан құралған сөздер:

ат	ас	іш	өр
ай	аз	үш	

5-класс – тұйық және ашық буындардан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда		
айна	ешкі	алма
акку	әнші	арба
Ерекше жағдайда		
өкпө	өкшө	

6-класс – бір бітеу буыннан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда			
нан	тас	шам	лақ
доп	бас	жіп	қар
Ерекше жағдайда			
мый		жый	
бій			

7-класс – ашық және бітеу буындардан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда			
банан	сағат	ағаш	балық
тауық	сәбіз	жәшік	тарақ
Ерекше жағдайда			
үтүк	төсөк	күшүк	күлүн
көкөк	өзөн	жүзүм	бұрұш

8-класс – бітеу және ашық буындардан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда			
тақта	таспа	қайшы	балға
мақта	найза	жейде	шырша
Ерекше жағдайда			
түймө	сөмкө	бөшкө	түлкү
күлдік	сүзбө		көрпө

9-класс – түйық және бітеу буындардан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда		
ақпан	аспан	алтын
оймақ	аспаз	айран
Ерекше жағдайда		
	үстөл	
	үйрөк	

10-класс – екі бітеу буыннан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда			
кәмпит	сандық	тышқан	қолғап
бақбақ	кактус	қонжық	қарбыз
Ерекше жағдайда			
көктөм	құндүз	жійдек	жүлдүз
бійдәй			бүркүт

11-класс – бір түйық және екі ашық буындардан құралған сөздер:

емхана	отбасы	аққала
		алхоры

12-класс – екі ашық және бір бітеу буындардан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда			
ботақан	ананас	жағажай	алақан
дуадақ	қызанақ	әуежай	жапырақ
Ерекше жағдайда			
бөкебай	көгенүс	төсенүш	көбөлөк
	тотығұс		сусыйыр

13-класс – бір бітеу және екі ашық буыннан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда		
тасбақа	кеудеше	шабдалы
		домбыра
Ерекше жағдайда		
	гыйтара	

14-класс – ашық, бітеу және ашық буындардан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда		
бәтеңке	қызылша	кілемше
	шанышқы	сіріңке
Ерекше жағдайда		
	көлөңкө	байалды

15-класс – екі бітеу және

бір ашық буыннан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда		
қауынқақ		төсбелгі
Ерекше жағдайда		
дүйсөмбү	жексембі	сәрсембі

16-класс – бір ашық және екі бітеу буыннан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда		
	апельсин	
	орындық	
	сарымсақ	
	бауырсақ	
	самаурын	
	қарындас	
	арыстан	
Ерекше жағдайда		
	көгөршүн	

17-класс – бітеу, ашық және бітеу буындардан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда		
майсауыт	бәйшешек	шаштараз
	жауқазын	жолбарыс
Ерекше жағдайда		
түймөдақ	колжуғұш	дөңгөлөк
		күлпұнай

18-класс – бір ашық және екі бітеу буыннан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда		
ойыншық	сауысқан	қарындаш
	ауыздық	сарымсақ
Ерекше жағдайда		
	өшүргүш	
	көгөршүн	

19-класс – бір түйық және екі бітеу буыннан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда	
әткеншек	ермексаз
Ерекше жағдайда	
	аспұршақ

20-класс – үш бітеу буыннан құралған сөздер:

Әдеттегі жағдайда	
	қызғалдақ
	бағдаршам
Ерекше жағдайда	
	сассырнай босторғай

21-класс – түйық, ашық және бітеу буыннан құралған сөздер:

автобус	ұштағыш	итбалық
асқабақ		айдаһар

Ерекше жағдайда
үшбұрұш
итмұрұн

22-класс – түйық, бітеу және ашық буыннан құралған сөздер:

Едеттегі жағдайда
елтаңба
орманшы
Ерекше жағдайда
өрмөкшү

23-класс – соңында (басында) дауыссыздар қатарласа келген бір буынды сөздер:

қант	бокс	шкаф	бұлт
айт			торт
Ерекше жағдайда			
ійт		ромп	ринк

24-класс – түйық және соңында (басында) дауыссыздар қатарласа келген бітеу буыннан құралған екі буынды сөздер:

Едеттегі жағдайда
асфальт
алмұрт
Ерекше жағдайда
ыспорт

25-класс – бастапқысы және соңғысы ашық буын, ортаңғы буын соңында дауыссыздар қатарласа келіп, үш буыннан құралған сөздер:

Едеттегі жағдайда
шегіртке
Ерекше жағдайда
құмұрсқа жұмұртқа

26-класс – буындық құрылымы күрделі сөздер:

кітапхана	бейнетаспа	тоңазытқыш	қоңыраубас
			аударыспақ
Ерекше жағдайда			
мүйүзтұмсық	шынайақ	саңырауғұлақ	кемпірғосақ
		көзүлдүрүк	

Ескерту: Жоғарыдағы берілген сөздер класынан басқа да буындық құрылымы күрделі сөздер арқылы бағланады.

3) *Әртүрлі буындық құрылымдағы сөздерді сөз тіркестері мен сөйлемдерде айтуды тексеру.*

Нұсқау: «Менің соңымнан қайтала»

Едеттегі жағдайда

Қызыл алма, тәтті нан және т.б.
Ата қиды. Пима киді. Ана жуды. Әке жеді. Кемеге мінеді. Доп тепті. Мысық тышқан ұстады және т.б.

Ерекше жағдайда

Сар доп.
Машина жүредү. От өштү. Атам ерте гелді. және т.б.

Зерттеудің нәтижелері және оларды талқылау

Балаларда сөздің буындық құрылымын зерттеу нәтижесін бағалауда төмендегідей критерийлер алынды:

- сөздегі буындық құрылым бұзылысының ерекшеліктері (жеке буындарды айту, сөзді әрқашан әртүрлі дыбыстау);
- буындардың элизиясы, сөздерді айту барысында дауыссыз дыбыстарды тастап кету;
- прафазия, сөздің буындық құрылымын сақтай отырып, дыбыстардың орнын алмастыру;
- итерация, персеверация, дыбыстарды (буындарды) қосу;
- контаминация (бір сөздің буыны басқа сөздің буынымен қосарлануы).

Тексеру нәтижесін бағалау балдық негізде болып, буындық құрылым бұзылысының деңгейі анықталды:

- бағалаудың бірінші деңгейі (төмен, 4 балл, 0%): сөздің буындық құрылымын дыбыстау мүмкіндігінің шектелуі;

- бағалаудың екінші деңгейі (орташадан төмен, 3 балл, 25%): сөйлемде, сөз тіркесінде, буындық құрылымы күрделі сөздерде баланың жеке буындарды, дыбыстарды, сөздерді үнемі әртүрлі дыбыстауы (айтуы); дауыссыз дыбыстарды айту кезінде тастап кету, буын элизиясының байқалуы, сөз құрылымын сақтай отырып, орын ауыстыруы, прафазия, персеверация, дыбыстарды (буындарды) қосуы, контаминация (бір сөздің буыны басқа сөз буынымен қосарланып кетуі); әртүрлі типтегі буындарды айту барысында бұзылыстар болуы (барлық топтағы буындарда болмауы мүмкін);

- бағалаудың үшінші деңгейі (орташа, 2 балл, 50%): сөйлемде, буындық құрылымы күрделі сөздерде буындық құрылым бұзылыстарының

болуы; буындық құрылымы әртүрлі сөздерді айту барысында бұзылыстар сирек кездесуі;

- *бағалаудың төртінші деңгейі (орташадан жоғары, 1 балл, 75%)*: буындық құрылымы күрделі сөздерде бұзылыстар байқалуы;

- *бағалаудың бесінші деңгейі (жоғары, 0 балл, 100%)*: балада сөздің буындық құрылым бұзылыстарының болмауы.

2019-2020 оқу жылында сөйлеу тілінің жалпы дамымауы және моторлы алалиясы бар топ балаларында сөздің буындық құрылымын біріншілік диагностикалау нәтижесінде келесідегідей ерекшеліктер байқалды:

1) сөздердің бастапқы немесе алғашқы екі буындарының айтылуы;

2) әр рет қайталау барысында сөздің буындық құрылым бұзылысы әртүрлі (мысалы, *етік* – еткі, екті, екіт және т.б.);

3) сөздерді қайталау барысында дауыссыз дыбыстарды тастап кету (мысалы, *ботақан* – боакан және т.б.);

4) сөздің буындық құрылымын сақтай отырып, дыбыстардың орнын алмастыру (мысалы, *лимон* – милон және т.б.);

5) артық дыбыс немесе буын қосып айту (мысалы, *лимон* – лимонт, *банан* – бананан және т.б.);

6) бір сөздің буыны басқа сөздің буынымен қосарлануы (мысалы, *етік* киді – етиді және т.б.).

Сонымен қатар, балалармен тапсырманы орындаған кезде, әрдайым ересектің көмегімен буындарды алдымен жекелей қайталап, одан кейін қосып айту бойынша машықтандыру жұмысы жүргізіліп отырды. Бұл жағдай, әсіресе, моторлы алалиясы бар балаларға қатысты болды. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалар тек 1-7 класс аралығындағы сөздерді, 2 ашық буынды сөзден құралған жай сөйлемдерді ғана қайталай алды.

Тапсырманы орындауда көптеген кідірістер болды, осының нәтижесінде артикуляция органдарының дыбыстауға және буындауға дайын еместігі (афферентті және эфферентті бұзылыстар) балалардың көпшілігінде байқалды. Аталған қиындықтар моторлы алалиясы бар балаларда анығырақ көрінді.

Жалпы айтқанда, буындық құрылым әртүрлі сөздер арқылы балаларды тексеруде 20,8%, буындық құрылымы күрделі сөздер арқылы тексеруде 4,2%, сөз тіркестері мен сөйлемдерде тексеруде 12,5% көрсетті. Ешбір бала тапсырманы немқұрайлы орындаған жоқ.

Логопедиялық жұмыс моделінің қалыптастырушы кезеңінде балалардағы сөздің буындық

құрылымын тексерудегі алынған алғашқы нәтижелерге сүйеніп және ресейлік логопед Т.А. Ткаченконың еңбектеріндегі әдістемелік ұсыныстарды ескеріп (Ткаченко Т.А., 2012) [9], балалардың қажеттіліктеріне қарай сөздің буындық құрылымын қалыптастыру алгоритмі құрастырылды. Сондай-ақ, аталған алгоритм негізінде сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, моторлы алалиясы бар балаларда сөздің буындық құрылымын қалыптастыруға арналған әдістемелік құрал моделіміздің құрамдас бөлігі ретінде түзете-дамытушылық жұмыста 4 жыл бойы қолданылды.

Сонымен қоса, балалардың сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктерін есепке алып, түзете-дамыту жұмысының негізгі бағыттары таңдалынып алынды. Аталған жұмыстар жеке, топтық және ұжымдық формада жүргізілді.

Балаларда буындық құрылымды қалыптастыруда келесідей материалдар пайдаланылды:

- өздеріне жақсы таныс суреттер бойынша (отбасы, жемістер, көкөністер, күз және тағы басқалары);

- буындық құрылым кластарына негізделген суреттер тобы;

- арнайы сұрыпталған сөз тіркестері, сөйлемдер, жаңылтпаштар, санамақтар, қалмақтар, балаларға арналған шағын өлеңдер;

- сөздің буындық құрылымына арналған арнайы сызбалар, тірек-сызбалар.

Осы материалдар буындық құрылыммен жұмыс барысында үлестірмелі және демонстративті түрде болды.

Коррекциялық-логопедиялық жұмыс барысында балалардың сөйлеу тілінің барлық құрылымдық компоненттеріне әсер етуі көрінді: сөйлеу тілінің фонетика-фонематикалық жағы, сөздік қоры, грамматикалық қатары. Осылардың негізінде фразалық сөйлеу тілі дамыды, ол байланыстырып сөйлеуге алғышарт болды.

Балалардың буындық құрылымын қалыптастыру алгоритмі – модель негізіндегі түзете-дамытушылық жұмыстың маңызды бөлігі. Жеке және топтық логопедиялық сабақтарда буындық құрылымды қалыптастыру алгоритмін қолдану арқылы жұмыс сапасын арттыру маңыздылығы көзделді. Барлық сабақтарда көрнекі және басқа да материалдар сабақтың жақсы өтуіне үлкен септігін тигізді. Заттық және іс-әрекетке негізделген суреттер, көбінесе, балалардың буындық құрылымын қалыптастыру мақсатында қолданылды. Осы орайда, төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

1. Әртүрлі буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету (1-17 класс).

2. Буындық құрылымы күрделі сөздерді айтуға үйрету (18 класс).

3. Әртүрлі буындық құрылымдағы сөздерді сөз тіркестерінде, сөйлемдерде, жаңылтпаштарда, санамақтар мен қаламақтарда айтуға үйрету.

Бағдарлама бойынша мекемеде буындық құрылымды қалыптастыру сұрыпталған лексикалық тақырыптар негізінде топтық және жеке тіл дамыту, сонымен бірге, дыбыс айту сабақтарында да жүзеге асты. Материалдар балалардағы сөздің буындық құрылым ерекшеліктеріне және біз құрастырған сөздер класына қарай «қарапайымнан – күрделіге» қағидасын басшылыққа ала отырып алынды.

Алгоритм негізінде біз жұмысты 4 кезеңге бөлдік:

1) Дайындық кезеңі (фонетика-фонематикалық базаны құру): жеке, топтық және ұжымдық формадағы дыбыс айту сабақтары.

Дайындық кезеңінде фонетикалық базаны қалыптастыруда балалардың дыбыс айту бұзылыстары дыбыстардың онтогенездік даму ерекшеліктерін ескере отырып түзетіліп (алдымен онтогенездің алғашқы дыбыстары нақтыланып, кейін ысқырықты, ызынды, соңынан үнді), буындарда бекітіліп, сөздердің буындық құрылымын қалыптастыру кезеңіне алғышарт болды.

Фонематикалық базаны қалыптастыруда (балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып) төмендегідей жұмыстар атқарылды:

- дауысты дыбыстар тіркесін айту (АУИ, АОУИ, УОИА және т.б.);

- бірдей дауыссыз және әртүрлі дауысты дыбыстары бар буындық тіркестерді айту (ТА-ТО-ТУ, ПЫ-ПУ-ПА және т.б.);

- бірдей дауысты және әртүрлі дауыссыз дыбыстары бар буындық тіркестерді айту (ПА-КА-ТА, ДО-БО-ГО және т.б.);

- ұяң-қатаң дауыссыз дыбыстары бар буындық тіркестерді айту (ДА-ТА, ПА-БА және т.б.);

- жуан-жіңішке дауысты дыбыстары бар буындық тіркестерді айту (ТА-ТӘ, ПА-ПӘ және т.б.);

- дыбыстық құрамы бойынша ұқсас сөздерді айту (БАС-БЕС-БОС және т.б.).

2) Буындық құрылымды қалыптастыру кезеңі (3 қадамнан тұрады): жеке, топтық және ұжымдық дыбыс айту, тіл дамыту сабақтары.


Буындық құрылымды дамыту кезеңі келесідегідей қадамдардан тұрды:

1-қадам. Сөздің буындық құрылымына байланысты арнайы дайындалған сызбалармен сөздерді сәйкестендіре отырып, логопед соңынан қайталау (1-6 сөздер класы және сөз тіркесі).

2-қадам. Сөздің буындық құрылымына байланысты арнайы дайындалған сызбалармен сөздерді сәйкестендіре отырып, логопед соңынан қайталау (7-15 сөздер класы және сөз тіркесі).


3-қадам. Сөздің буындық құрылымына байланысты арнайы дайындалған сызбалармен сөздерді сәйкестендіре отырып, логопед соңынан қайталау (16-18 сөздер класы, буындық құрылымы күрделі сөздер және сөз тіркесі).

Сөздің буындық құрылымына байланысты арнайы дайындалған сызбалар келесі суретте көрсетілген.



2-сурет – Сөздегі буын санына байланысты арнайы сызбалар

Әр қадам соңында буындық құрылым сөз тіркестерінде бекітіліп отырды.



3-сурет – Сөз тіркесінде сөздің буындық құрылымын бекіту сызбасы

Жоғарыда берілген сызбаны пайдалана отырып, сөздің буындық құрылымы сөз тіркесінде бекітілді. Ол келесідей мысалда жүзеге асырылды:

- балаға сызба ұсынылып, «Мынау не?» деген сұрақ қойылады;

- баладан «банан» деген жауап алынады;

- одан кейін, «Ол қандай?» деген сұрақ қойылады;

- баладан «сары» деген немесе басқа жауап алынады;


- баладан алынған жауап, ересектің көмегімен «банан» сөзімен байланыстырылады;

- «сары банан» тіркесі баламен жекелей айтылады.

Аталған жұмыстар жеке, топтық және ұжымдық логопедиялық сабақтарда кеңінен қолданыс тапты.

3) Сөздің буындық құрылымын нақты айтуын бекіту кезеңі (сөйлемдерде, жаңылтпаштарда): жеке және топтық дыбыс айту, тіл дамыту сабақтары және үй жағдайындағы ата-аналардың жұмысы.

Үшінші кезең барысында сөздің буындық құрылымын сөйлемде бекіту жұмысында сызбалар қолданылды (Н.Е. Ильякова, 2004) [10]. Сөйлем құрау сызбаларында сөз саны 2 сөзден басталып, 3-4 сөзге дейін алынды. Оның айқын мысалын төмендегідей сызбалардан көруге болады.



4-сурет – Сөйлемде сөздің буындық құрылымын бекіту сызбасы

Жоғарыда берілген сызбаларды пайдалана отырып, балалардағы сөздің буындық құрылымын ескеріп, сөйлемде бекіту жұмысы жүргізілді. Ол төмендегідей жағдай мысалында болды:

- сөйлем құрауға арналған сызбаға сөйлемдегі сөз саны бойынша заттық сурет орналастырылады;

- әр суретке «Бұл кім немесе не?» деген сұрақ қойылып, сөздік жұмысы жасалынды;

- одан кейін «Не істейді?» сұрағы қойылады;

- алдымен, ересектің соңынан сөйлем баламен қайталанылады;

- нәтижесінде сөйлем тұтастай баламен айтылады.

Сөздің буындық құрылымын нақты айтуын бекіту кезеңінде жаңылтпаштар сұрыпталып,

балалардың сөйлеу тілінің ерекшелігіне байланысты бейімделді. Жаңылтпаштарды қолдану ысқырықты, ызынды, үнді дыбыс топтарына және балалардың меңгерген буындық құрылым кластарына байланысты болды. Мысалы:

Тұз – мұздай, Жол бар, жолда өр бар.

Мұз – тұздай. Өр бар, орға барма, өрге бар.

Шеше, шеше,

Неше кесе

Сынды кеше?

Аталған жұмыстар да жеке, топтық және ұжымдық логопедиялық сабақтарда кеңінен қолданыс тапты.

4) Қорытынды кезең: балалармен меңгерілген сөздің буындық құрылымдарын кез келген сөйлеу материалдары жағдайында мекемеде және үй жағдайында нақты бекіту.

Қорытынды кезеңде буындық құрылымды бекіту әртүрлі сөйлеу материалдары арқылы мекемеде басталып, үй жағдайында ата-аналармен жалғасын тапты. Осы кезеңде сөздің буындық құрылымын бекітуде мнемосызбалар көмегімен сипаттап әңгімелеу әдісі кеңінен қолданылды. Оның үлгісі төмендегідей суретте нақты берілген.

Жоғарыда берілген мнемосызбаларды пайдалана отырып, балалардағы сөздің буындық құрылымы ескеріліп, сөйлемде бекіту жұмысы жүргізілді. Ол төмендегідей жағдай мысалында жүзеге асты:

- сөйлем құрауға арналған мнемосызба үзінділері беріліп, әрбір сызба негізінде жеке жұмыстар жүргізіледі;

- суретке «Бұл не?», «Оның түсі қандай?», «Қандай дене бөліктері бар?», «Терісі қандай?», «Қалай дауыстайды?», «Немен қоректенеді?», «Қайда мекендейді?», «Қыста не істейді?», «Адамдарға қандай пайда тигізеді?» сұрақтары қойылады; сұрақтарға жауап берген соң, ересекпен бірге байланысқан әңгіме құрап айтады.

Осы кезеңде сөздің буындық құрылымын бекітуде қаламақтар сұрыпталып, балалардың сөйлеу тілінің ерекшелігіне байланысты өзгертілді. Қаламақтарды қолдану ысқырықты, ызынды, үнді дыбыс топтарына және балалардың меңгерген буындық құрылым кластарына байланысты болды. Мысалы:

Са-са-са-ызындайды маса.


Са-са-са-менің бойым аласа.

Ыс-ыс-ыс-жудым таза ыдыс.

Ыс-ыс-ыс-жалықпаған жолбарыс.

За-за-за-қолым менің таза.

Зу-зу-зу-шыққан тісім азу



5-сурет – «Жабайы жануарлар» тақырыбындағы мнемосызба

Сонымен, осындай алгоритм негізінде біз сөйлеу тілінің жалпы дамымауы және моторлы алалиясы бар мектеп жасына дейінгі балалармен түзете-дамытушылық жұмыстарда жеке дамыту бағдарламасынан ауытқымай, әр баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, модель аясында сөздің буындық құрылымын қалыптастыру жұмысын дәлелдедік.

Логопедиялық жұмыс моделінің қорытынды кезеңінде нәтижелер анықталып, қорытынды шығарылды.

1-кесте – Балаларды біріншілік және екіншілік тексерулердің салыстырмалы көрсеткіштері пайыздық нәтижесі

№	Әртүрлі буындық құрылымдағы сөздерде тексеру	Буындық құрылымы күрделі сөздерде тексеру	Буындық құрылымды сөз тіркестері мен сөйлемдерде тексеру
1	20,8%	4,2%	12,5%
2	50%	25%	29,2%

2019-2020 оқу жылының соңында екіншілік тексеру нәтижелерінің қорытындысы бойынша айтарлықтай айырмашылықтар көрініп отыр. Буындық құрылымды алғашқы және соңғы тексеру негізіндегі пайыздық көрсеткіштер артқандығы байқалды: буындық құрылымы әртүрлі сөздер – 20,8%-дан 50%-ға, буындық құрылымы күрделі сөздер – 4,2%-дан 25%-ға, сөз тіркесі және жай сөйлем – 12,5%-дан

29,2%-ға. Нәтижелерден деңгейлер ауысып, коррекциялық-дамытушылық жұмыстың тиімділігі байқалды (1-кесте).

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ауыр сөйлеу бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балаларда сөздің буындық құрылымын қалыптастыру бойынша логопедиялық жұмыс моделі арқылы:

1) балалармен түзете-дамытушылық жұмыстарда оң нәтижеге қол жетті;

